
Тәуелсіз аудиторлардың есебі

- 94 Шоғырландырылған қаржылық есеп
- 96 Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп
- 97 Жалпы табыс туралы шоғырландырылған есеп
- 98 Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
- 99 Капиталдың өзгерісі туралы шоғырландырылған есеп
- 100 Шоғырландырылған қаржылық есепке байланысты ескертулер

Стратегиялық есеп	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

Тәуелсіз Аудиторлардың есебі

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өңдеу» акционерлік қоғамының акционерлері мен басшылығына

Біз «ҚазМұнайГаз» Барлау Өңдеу» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдары (өрі қарай «Компания») ұсынған қаржылық есепке аудит жүргіздік. Оның құрамына 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша, осы уақытта аяқталған қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп пен жалпы табыс туралы шоғырландырылған есеп, капиталдың өзгерісі туралы шоғырландырылған есеп пен жыл бойғы ақша қаражаты қозғалысының шоғырландырылған есебі, сонымен қатар, қолданыстағы есеп саясатының елеулі аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндіру ақпараттары кіреді.

Басшылықтың шоғырландырылған қаржылық есепке қатысты жауапкершілігі

Басшылық аталған қаржылық есепті Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалғанына және шынайылығына, сонымен қатар, басшылықтың ойына сәйкес қаржылық есепті дайындауды қамтамасыз ету үшін, қателіктердің немесе жауапсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтарға жол бермейтін ішкі бақылаудың рәсімдеріне жауапты.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз осы шоғырландырылған қаржылық есептің негізінде жүргізілген аудит бойынша өз ойларымызды білдіру. Біз аудитті Халықаралық стандарттарға сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есепте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығын анықтау мақсатында, оның жоқтығына сенімді болу үшін, аудитті жоспарлау мен жүргізу барысында этикалық нормаларды сақтауымызды талап етеді.

Аудит, ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептегі сомалар мен ақпараттарға қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдерді орындауды қамтиды. Рәсімдерді таңдау аудитордың өз ойына негізделеді, оған шоғырландырылған қаржылық есептегі қателіктер немесе жауапсыз әрекеттер салдарынан жіберілген елеулі бұрмалаушылықтар тәуекелін бағалау кіреді. Аталған тәуекелді бағалау кезінде аудитор, қолданыстағы аудиторлық үрдістерді таңдау мақсатында, шоғырландырылған қаржылық есептің жасалуы мен шынайылығын қамтамасыз ететін, бірақ ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы ойын білдірмейтін, ішкі бағалау жүйесін қарастырады. Аудит басшылық қолданған есеп саясатын пайдалану сипаты мен бағалау көрсеткіштерінің негізділігіне, сондай-ақ ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есепке тұтастай баға беруді қамтиды.

Біздің аудиторлық дәлелдеріміз өз ойымызды толық және нақты білдіруге жеткілікті деп есептейміз.

Стратегиялық есеп	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

Пікір

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есеп, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» Акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының 31 желтоқсан 2014 жылғы қаржылық жағдайын, сонымен қатар, осы уақытта аяқталған олардың қаржылық нәтижелері мен жыл бойғы ақша қаражатының қозғалысын, Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес, барлық елеулі аспектілер бойынша шынайы түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP

Джеймс Дакер

Аудит бойынша өріптес

Әділ Сыздықов

Аудитор

Аудитордың біліктілік куәлігі
№ МФ-0000172, 23 желтоқсан 2013 жыл

Евгений Жемалетдинов

Бас директор «Эрнст энд Янг» ЖШС

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға рұқсат ететін мемлекеттік лицензия: серия МФЮ – 2, № 0000003, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 15 шілде, 2005 жылы берген.

24 ақпан 2015 ж.

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060,
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 (727) 258 59 60
Факс: +7 (727) 258 59 61
www.ey.com

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

		31 желтоқсанға	
	Ескер.	2014	2013
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	156.436	350.675
Материалдық емес активтер	6	10.855	12.064
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	8	95.177	88.967
Компаниямен қауымдасқандарға инвестициялар	9	116.054	107.095
Бірлесе бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық берешек	8	13.808	13.222
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын займдар	8	25.738	18.402
Басқа қаржылық активтер	7	18.567	21.711
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	20	84.067	34.356
Өтелетін ҚҚС	24	42.300	–
Басқа активтер		15.472	19.542
Ұзақ мерзімді активтердің жиынтығы		578.474	666.034
Ағымдағы активтер			
Тауарлы-материалдық қорлар	10	26.357	27.422
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		23.916	43.684
Салық бойынша алдын ала төлем және өтелетін ҚҚС	24	37.831	72.169
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы және ренталық салық бойынша алдын ала төлем		2.581	1.967
Алдағы кезеңдер шығыны		30.011	22.067
Саудалық және басқа дебиторлық берешек	7	56.570	153.219
Бірлесе бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық берешек	8	4.658	3.969
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын займдар	8	7.692	3.933
Басқа қаржылық активтер	7	535.513	482.006
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	7	180.245	119.036
Ағымдағы активтердің жиынтығы		905.374	929.472
Активтер жиынтығы		1.483.848	1.595.506
Капитал			
Жарғылық капитал	11	163.004	162.969
Басқа резервтер		2.355	2.482
Бөлінбеген пайда		1.098.170	1.185.815
Капиталдың басқа құрамы		75.587	22.509
Капитал жиынтығы		1.339.116	1.373.775
Міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Займдар		4.218	4.291
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	20	569	881
Резервтер	13	34.929	34.203
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиынтығы		39.716	39.375
Ағымдағы міндеттемелер			
Займдар		3.000	2.503
Резервтер	13	8.287	20.067
Төленетін табыс салығы		15	29.341
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы және ренталық салық		34.200	61.956
Саудалық және басқа кредиторлық берешек		59.514	68.489
Ағымдағы міндеттемелердің жиынтығы		105.016	182.356
Міндеттемелер жиынтығы		144.732	221.731
Міндеттемелер мен капиталдың жиынтығы		1.483.848	1.595.506

100-133 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

	31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша		
	Ескер.	2014	2013
Кірістер	14	845.770	816.712
Компаниямен қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	8, 9	60.191	50.866
Қаржылық табыс	19	20.762	20.577
Түсім мен басқа да кірістердің жиынтығы		926.723	888.155
Өндірістік шығындар	15	(211.900)	(162.035)
Сату, жалпы және өкімшілік шығыстар бойынша шығындар	16	(102.568)	(92.360)
Барлау шығындары		(2.127)	(13.125)
Тозу, бүліну және амортизация	5, 6	(59.485)	(47.144)
Табыс салығынан басқа салықтар	17	(328.211)	(311.688)
Негізгі құралдарды құнсыздандыру	18	(256.683)	(60.099)
Негізгі құралдарды есептен шығарудан келген зиян		(4.221)	(4.475)
Қаржылық шығындар	19	(8.952)	(8.085)
Оң бағамдық айырма, нетто	2	108.997	11.216
Салық салынғанға дейінгі пайда		61.573	200.360
Табыс салығы бойынша шығындар	20	(14.535)	(58.531)
Жылдық пайда		47.038	141.829
Валюта бағамын қайта есептеу айырмасы	2	53.078	4.500
Алдағы кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта көшірілетін басқа да жалпы табыс		53.078	4.500
Салық шегерілген жылдық жалпы табыстың жиынтығы		100.116	146.329
БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА – мың теңге			
Базалық және таратылған	12	0,69	2,08

100-133 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бөлігі болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

	31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша		
	Ескер.	2014	2013
Операциялық қызметтен келген ақша ағыны			
Салық салғанға дейінгі пайда		61.573	200.360
Ақшалай емес баптарды қосу/(шегеру) үшін түзету			
Тозу, бүліну және амортизация	5, 6	59.485	47.144
Компаниямен қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	8, 9	(60.191)	(50.866)
Негізгі құралдарды есептен шығарудан келген зиян		4.221	4.475
Негізгі құралдарды құнсыздандыру	18	256.683	60.099
Барлау және бағалау активтері бойынша нәтижесіз барлау активтерінің шығындары	6	1.263	10.971
Үлестік құралдарға негізделген төлемдерді тану		–	145
Үлестік құралдарды айыру		(127)	(137)
Операциялық қызметтен тыс бағам айырмасынан келген бөлінбеген табыс		(76.188)	(5.533)
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар		247	7.898
Плюс қаржылық шығындар	19	8.952	8.085
Минус қаржылық кірістер	19	(20.762)	(20.577)
Айналымдық капиталды түзету			
Басқа активтердің өзгерісі		2.129	376
Тауарлы-материалдық қорлардың өзгерісі		1.021	(549)
Салықтар мен өтелетін ҚҚС бойынша алдын ала төлемнің өзгерісі		(12.299)	(16.436)
Алдағы кезеңдер шығынының өзгерісі		(7.947)	(6.525)
Саудалық және басқа дебиторлық берешектер өзгерісі		96.684	(51.906)
Саудалық және басқа кредиторлық берешектер өзгерісі		(8.629)	(20.371)
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық бойынша төлеу және алдын ала төлеудің өзгерісі		(26.570)	11.128
Резервтердегі өзгеріс		4.073	(1.805)
Төленген табыс салығы		(87.214)	(77.544)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағыны		196.404	98.432
Инвестициялық қызметтен келген ақша ағыны			
Негізгі құралдарды сатып алу		(132.186)	(140.402)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім		224	582
Материалдық емес активтерді сатып алу		(2.042)	(8.628)
Бірлескен кәсіпорындар ұсынған займдар	8	(3.895)	(11.252)
Компаниямен қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың төлем көзінен салық төлегеннен кейін алған дивидендтері	8, 9	73.945	64.138
ҚМГ ҰК қарыздық құралдарына инвестиция салудан алынған сыйақылар	7	–	4.734
ҚМГ ҰК қарыздық құралдарындағы инвестицияларды өтеуден түскен түсім	7	–	135.243
Өтелгенге дейін ұсталатын қаржылық активтерді есептен шығарудан/(сатып алудан) түскен түсім		23.617	(78.520)
Басқа қаржылық активтерді сатудан түскен түсім		155	–
Байланысты тараптардан алынған займдарды өтеу		4.866	4.088
Алынған сыйақылар		14.654	7.130
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағыны		(20.662)	(22.887)
Қаржылық қызметтен келген ақша ағыны			
Займдарды өтеу		(1.093)	(1.079)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	3, 11	(128.995)	(109.979)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағыны		(130.088)	(111.058)
Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттерінің таза өзгерісі		45.654	(35.513)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері	7	119.036	154.705
Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері бойынша оң бағам айырмасы		15.555	(156)
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері	7	180.245	119.036

100-133 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бөлігі болып табылады.

Стратегиялық есеп	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

	Жарғылық капитал	Сатып алынған өз акциялары	Өзге де резервтер	Үлестірілмеген пайда	Валюталарды қайта есептеу б/ша резерв	Жиынтық капитал
2012 жылғы 31 желтоқсанға	263.095	(100.143)	2.474	1.154.335	18.009	1.337.770
Жылдық пайда	–	–	–	141.829	–	141.829
Басқа да жалпы табыс	–	–	–	–	4.500	4.500
Жалпы табыстың жиынтығы	–	–	–	141.829	4.500	146.329
Үлестік құралдарға негізделген төлемдерді тану (11 ескерту)	–	–	145	–	–	145
Үлестік құралдарды айыру (11 ескерту)	–	–	(137)	–	–	(137)
Қызметкерлер опциондарының орындалуы (11 ескерту)	–	17	–	–	–	17
Дивидендтер (11 ескерту)	–	–	–	(110.349)	–	(110.349)
2013 жылғы 31 желтоқсанға	263.095	(100.126)	2.482	1.185.815	22.509	1.373.775
Жылдық пайда	–	–	–	47.038	–	47.038
Басқа да жалпы табыс	–	–	–	–	53.078	53.078
Жалпы табыстың жиынтығы	–	–	–	47.038	53.078	100.116
Үлестік құралдарды айыру (11 ескерту)	–	–	(127)	–	–	(127)
Қызметкерлер опциондарының орындалуы (11 ескерту)	–	35	–	–	–	35
Дивидендтер (11 ескерту)	–	–	–	(134.683)	–	(134.683)
2014 жылғы 31 желтоқсанға	263.095	(100.091)	2.355	1.098.170	75.587	1.339.116

100-133 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бөлігі болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

1. Компания туралы ақпарат және қызметінің негізгі бағыттары

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (өрі қарай мәтін бойынша «Компания»), құрылтайшысы Қазақстан Республикасы, көмірсүтек шикізатын сатып алумен, барлаумен, өзірлеумен, өндірумен, өңдеумен және экспорттаумен айналысады. Мұнай-газ саласындағы негізгі операциялық қызметін Каспий маңында және Маңғыстау бассейндерінде атқарады. Компанияның негізгі өрі тікелей акционері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (өрі қарай мәтін бойынша «ҚМГ ҰК» немесе «Бас компания»), 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша айналымда жүрген Компания акцияларының 63,21%-на иелік етеді (2013 жылы: 63,22%) және Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттік мүдделерін қорғайды. Бас компания толықтай «Самұрық-Қазына» Ұлттық Өл-Ауқат Қоры» АҚ-ның (өрі қарай мәтін бойынша «Самұрық-Қазына» ҰАҚ) құзырында болса, ол өз кезегінде толықтай Қазақстан Республикасы Үкіметіне бағынышты (өрі қарай мәтін бойынша «Үкімет»).

Компания негізгі қызметін 100% мөлшерінде еншілес ұйымдары «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ арқылы іске асырады. Сонымен қатар, Компанияның өзге де еншілес ұйымдары, бірлесе бақыланатын кәсіпорындарда, компаниямен қауымдасқан және басқа да кәсіпорындарда үлестері бар. Олардың басым бөлігінде Компанияның бақыланатын және бақыландырылған үлестің қатысулары болғанымен, олар негізгі қызметтерді атқарумен байланысты емес.

Аталған шоғырландырылған қаржылық есеп жоғарыда атап өтілген үлестік қатыстары барлық мекемелер қызметтерінің нәтижелері мен қаржылық жағдайын көрсетеді.

2. Есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолу

Аталған шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтіріледі. Басқаша көрсетілмесе осы есеп саясаты рет-ретімен ұсынылған барлық кезеңдер үшін қолданылған болып саналады.

2.1. Дайындыққа негіз болған

Аталған шоғырландырылған қаржылық есеп Қаржылық есептің халықаралық стандартына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған. Шоғырландырылған қаржылық есеп қаржылық құралдарды есепке алмағанда, бастапқы құн бойынша есеп жүргізу қағидасы бойынша жасалған. Басқаша көрсетілмесе, осы шоғырландырылған қаржылық есеп теңгемен жүргізілді және мәні миллионға дейін қысқартылған.

Қаржылық есепті ҚЕХС талаптарына сәйкес дайындау, елеулі есептік бағалауды пайдалануды талап етеді, сонымен қатар, есеп саясатын қолдану барысында рұқсат ету бойынша басшылықтан өз ойын білдіруді де талап етеді. Өз-өзіне күрделі деңгейлі жоғарғы талаптарды немесе рұқсат етулерді қолдануға болатын салалар, сонымен қатар, шоғырландырылған қаржылық есеп үшін бағалау мен рұқсат етулер елеулі болып саналатын салалар 4-Ескертуде ашып көрсетілген.

Валюта бағамдары

31 желтоқсан 2014 жылы және 31 желтоқсан 2013 жылы 1 АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы ресми бағамы тиісінше 182,35 және 153,61 теңгені құрады.

2014 жылы Компания таныған шетелдік валюта бағамы айырмасынан түскен табыстың негізгі бөлігі, 2014 жылы 11 ақпан күні теңгенің девальвацияға ұшырауына байланысты орын алды. Девальвацияға ұшырағанға дейін 1 АҚШ долларының теңгелік бағамы шамамен 155 теңге болса, девальвациядан кейін 181-185 теңгенің аралығында болды.

Бухгалтерлік есептің қабылданылған стандарттары мен интерпретациялары

Жыл бойы Компания ҚЕХС-ке сәйкес жаңа және қайта қаралған келесі стандарттарды қабылдады, алайда олар Компанияның қаржылық нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер еткен жоқ:

БЕХС 32	Тұсаукесер-Өзара есепке алу Қаржылық Активтер мен Қаржылық міндеттемелер;
ҚР ҚЕХС 21	Негізгі төлемдер;
ҚЕХС 10, ҚЕХС 12, БЕХС 27	Инвестициялық ұйымдар;
БЕХС 39	Қаржылық құралдар: Туындылар Новациясы және Жалғастырылған Хеджирлеу Есебі.

Шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар

Компанияның шоғырландырылған қаржылық есепті жасау уақытында шығарылғанымен күшіне енбеген стандарттары мен интерпретациялары төменде келтірілген және Компанияның ойынша олар қолданысқа енгеннен кейін қаржылық жағдайға немесе қызметтердің нәтижесіне ықпал ететін болады.

Компания аталған стандарттарды қажет болған жағдайда күшіне енген уақыттан бастап пайдалануға ниетті:

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

ҚЕХС 9	Қаржылық құралдар: жіктеу және бағалау, (1 қаңтар, 2018 ж.);
ҚЕХС 15	Сатып алушылардың келісімдері бойынша түсімдер, (1 қаңтар, 2017 ж.);
ҚЕХС 11	Бірлескен операциялардағы үлестерді сатып алудың есебі (түзету), (1 қаңтар 2016 ж.);
ҚЕХС 14	Кейінге қалдырылған тарифтерді түзету шоттары, (1 қаңтар, 2016 ж.);
БЕХС 19	Бекітілген төлемдер жоспары: Қызметкерлердің салымдары (түзету), (Қызметкерлердің сыйақылары), (1 шілде, 2014 ж.);
БЕХС 16 және БЕХС 38	Тозу мен амортизацияның тиімді тәсілдеріне түсініктемелер (түзету), (1 қаңтар, 2016 ж.);
БЕХС 27	Жекелеген қаржылық есептегі үлестік қатысу тәсілі (түзету), (1 қаңтар, 2016 ж.);
ҚЕХС-ті жетілдіру	2010-2012 жж. кезеңі, (1 шілде, 2014 ж.);
ҚЕХС-ті жетілдіру	2010-2012 жж. кезеңі, (1 шілде, 2016 ж.).

2.2. Шоғырландыру

Еншілес ұйымдар

Компанияның бақылауындағы кәсіпорындар еншілес ұйымдар болып табылады. Егер Компанияның инвестициялар өзгерісіне орай айнымалы қайтарымына құқығы болса немесе қатерге ұшырауы мүмкін болса және инвестициялау нысанына қатысты өз құзырына сәйкес аталған қайтарымға ықпал ете алатын болса ғана Компания бақылауды іске асыра алады. Аталған кәсіпорындарды бақылау тоқталған сәттен бастап, шоғырландыру да тоқтайды.

Компаниялар арасындағы ішкі топтық операциялар мен операциялар бойынша бөлінбеген пайда элиминацияға ұшырайды. Бөлінбеген зиян да элиминацияланады, бірақ берілетін активтердің құнсыздану белгісі ретінде қарастырылады. Еншілес ұйымдардың есеп саясаты Компанияның есеп саясатына сәйкес келеді.

Қауымдасқан компанияларға инвестициялар және бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлестері

Компаниямен қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың инвестициялары үлестік қатысу тәсілі бойынша есептеледі. Компания елеулі түрде ықпал ететін кәсіпорындар Компаниямен қауымдасқан деп аталады. Елеулі түрде ықпал ету дегеніміз – инвестициялау нысанының операциялық және қажылық саясатына байланысты шешім қабылдауға қатысуға берілетін өкілеттік, бірақ ондай саясаттарға қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау жүргізілмейді.

Егер Компания өзге тараптармен бірлесе отырып қызметтерге ортақ бақылау жасайтын болса және тиісті қызмет түрлеріне байланысты шешім қабылдау үшін тараптардың бірауыздан келісілуі талап етілетін болса, онда Компания бірлесе қызмет ету туралы келісімнің бір тарабы болып саналады. Бірлесе қызмет ету туралы келісім – бұл келісім жасасушы тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне байланысты бірлескен қызмет немесе бірлескен кәсіпорын ретінде қалыптасуы.

Бірлескен операциялардағы өз үлесіне сәйкес Компания таниды: (i) өз активтерін, оған бірлескен активтердегі үлесі де қосылады; (ii) өз міндеттемелерін, оған бірлескен міндеттемелердегі үлесі де қосылады; (iii) бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдерді сатудан түскен өз түсімін; (iv) бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдерді сатудан түскен түсімдегі өз үлесін; және (v) өз шығындарын, оған бірлескен шығындардағы үлесі де қосылады.

Үлестік қатысу тәсіліне сәйкес, Компаниямен қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың шоғырландырылған қаржылық есебіндегі қаржылық жағдайы, Компанияға тиесілі қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар таза активтерінің үлесін сатып алғаннан кейін пайда болған бастапқы құнымен оның өзгерістері бойынша есепке алынады.

Бірлескен кәсіпорын – бұл тараптардың бірлескен кәсіпорындардың таза активтеріне құқықтық иелік пен қызметтерді бірлесе отырып бақылауды қамтамасыз ететін бірлескен қызметтің түрі.

Қауымдасқан компанияға салынатын Компанияның инвестициясына сатып алу кезінде анықталған активтердің ағымдағы құнынан артық сатып алу бағасы қосылады және ол негізінен дәлелденген қорлардың негізінде лицензияның құнына қосылады. Лицензиялар өндірістік тәсілді қолдана отырып, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар дәлелдеп, өзирлеген қорлардың негізінде амортизацияға ұшырайды.

Жалпы табыс туралы шоғырландырылған есепте әрбір қауымдасқан компания мен бірлескен кәсіпорынның қызметі бойынша қаржылық нәтижелер үлесі қоса есептеледі. Егер қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алатын болса және оны капиталдың өзгерісі туралы есепте қолдану мүмкін болса, онда Компания өз үлесіндегі ондай өзгерісті мойындайды және ондай деректі ашып көрсетеді. Компания мен оның қауымдасқан компаниялары арасында туындайтын бөлінбейтін пайда мен зияндар, Компанияның қауымдасқан компаниядағы үлес деңгейіне сәйкес есептен шығарылады.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

2. Есеп саясатындағы маңызды аспектілерге шолу (жалғасы)

Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардағы пайданың үлесі жалпы табыс туралы шоғырландырылған есепте тікелей ұсынылған. Ол қауымдасқан компания мен бірлесе бақылауға алынатын кәсіпорындар акционерлеріне тиесілі пайда болып есептелетіндіктен, салық салуды есепке алғаннан кейінгі пайда және қауымдасқан компаниялардың еншілес ұйымдарындағы бақылауға алынбайтын қатысу үлесі ретінде анықталады.

Қауымдасқан компаниялардың қаржылық есебі Бас компанияның қаржылық есебімен бір мезгілде жасалады. Егер қажет болса, есеп саясатын Компанияның есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында тиісті түзетулер енгізіледі.

Компания үлестік қатысу тәсілін қолданғаннан кейін, Компанияның қауымдасқан компанияларға немесе бірлескен кәсіпорындарға салған инвестициялары бойынша, құнсызданудан туындайтын қосымша зиянды тану қажеттілігін анықтайды. Компания әрбір есепті мерзімде қауымдасқан компанияларға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар құнсыздануының объективті себептерінің бар-жоғын анықтайды. Ондай жағдайлар дәлелденетін болса, Компания қауымдасқан компания мен бірлескен кәсіпорын бойынша ағымдағы құн мен өтелетін құнның айырмасы ретінде құнсыздану сомасын анықтайды, осы соманы таниды және жалпы табыс туралы есебінде көрсетеді.

Егер Компания қауымдасқан компанияға қатысты елеулі ықпалын жоғалтатын болса, онда қалған инвестицияны әділетті құны бойынша бағалайды және таниды. Қауымдасқан кәсіпорынға елеулі ықпалы жоғалған сәттегі қалған инвестициялардың келіп түскен уақыттағы баланстық құны мен әділетті құнының арасындағы айырма есептен шығару кезіндегі пайда немесе зиян ретінде танылады.

Бұрынғы бірлесе бақылауға алынатын кәсіпорын еншілес ұйымға немесе қауымдасқан компанияға айналмай, бірлесе бақылау жойылатын болса, Компания қалған инвестицияны әділетті құны бойынша бағалайды және таниды болады. Бұрынғы бірлесе бақылауға алынатын кәсіпорынның бірлесе бақылауы жойылған сәттегі қалған инвестициялардың, келіп түскен уақыттағы баланстық құны мен әділетті құнының арасындағы айырма есептен шығару кезіндегі пайда немесе зиян ретінде танылады. Егер Компанияның инвестициялық нысанға қатысты елеулі ықпалы сақталатын болса, онда қалған инвестиция қауымдасқан компанияның инвестициялары ретінде есепке алынады.

2.3. Шетелдік валюталарды қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржылық есеп қазақстандық теңгемен («теңге») жасалған, ол функционалдық валюта және Компанияның қаржылық есебінің валютасы болып есептеледі. Компанияның әрбір еншілес ұйымы, қауымдасқан компания мен бірлескен кәсіпорыны өз валютасын жеке анықтайды және әрбір ұйымның қаржылық есебіне қосылған баптары осы функционалдық валютамен бағаланады. Шетелдік валютамен жүргізілетін операциялар, ең алдымен сол мерзімдегі функционалдық валютаның бағамы бойынша есепке алынады. Шетелдік валютамен көрсетілген ақша қаражаты мен міндеттемелер сол мерзімде қолданылатын функционалдық валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Бағам айырмасының барлығы пайда мен зиянның құрамына қосылады. Шетелдік валютаның әділетті құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар, сол уақытта қолданыста жүрген бағамға сәйкес қайта есептеледі.

Шетелдегі қызметтердің активтері мен міндеттемелері есепті уақыттағы теңгенің айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі, ал ондай компаниялардың жалпы табыс туралы есебіндегі баптары операция жүргізілген күндегі бағам бойынша қайта есептеледі. Осындай қайта есептеуден пайда болатын бағам айырмасы тікелей басқа да жалпы табыс немесе зиян ретінде танылады. Шетелдік компания есептен шығарылған кезде, тиісті шетелдік компанияға қатысты валютаны қайта есептеу бойынша жиналған резервтік сома, пайда немесе зиян ретінде танылады.

2.4. Мұнай-газ кен орындарын барлау мен әзірлеу шығындары

Барлау лицензияларын сатып алу бойынша шығындар

Барлауға берілетін лицензияларды сатып алу бойынша шығындар материалдық емес активтердің құрамында капитализацияланады және тікелей сызықтық тәсіл бойынша жорамалданған бақылау мерзімінің ішінде амортизацияға ұшырайды. Әрбір нысан жыл сайын бұрғылау жұмыстарының жоспарланғанын растайтын бақылаудан өткізіледі. Егер нысан бойынша алдағы уақытта жұмыс жүргізу жоспарланбаса, лицензияны сатып алуға жұмсалған соманың қалдығы есептен шығарылады. Экономикалық тұрғыдан негізделген қор көздері табылған жағдайда («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар»), амортизация есептеу тоқтатылады және қалған шығындар барлау шығындарымен қоса біріктіріледі және басқа да материалдық емес активтер құрамындағы қорлар дәлелденгенге дейін, кен орындарының дәлелденген активтері ретінде танылатын болады. Ішкі әзірлеу жұмыстары бекітілген сәтке дейін және тиісті бақылаушы

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

органдардан лицензиялар мен барлық рұқсаттарды алғанға дейін, тиісті шығындар негізгі құралдарға жатқызылады («мұнай-газ активтері»).

Барлау шығындары

Геологиялық және геофизикалық шығындар, осындай шығындар жұмсалған сәтте есептен шығарылады. Ұңғымаларды бұрғылау аяқталғанға дейін және бұрғылау нәтижелері бойынша бағалау жүргізілгенге дейін, барлау ұңғымалырының тікелей шығындары материалдық емес активтердің құрамында капитализацияланады (барлау және бағалау бойынша активтер). Мұндай шығындардың құрамына еңбекақы, материалдар, жанар-жағармай мен электр энергияға жұмсалған шығыстар, бұрғылау станоктарының құны және мердігерлерге төленген төлемдер жатады. Егер көмірсутектері табылмаса, онда барлау шығындары құрғақ ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер басқа ұңғымаларды бұрғылауға қосуға болатын, коммерциялық өзірлеу мүмкіндіктері жеткілікті, бағалауға жататын көмірсутектері табылатын болса (барлау немесе құрылымдық-іздеу ұңғымалары), ондай шығындарды актив ретінде есепке алу жалғасады.

Осы тектес барлық шығындар коммерциялық және басқару тұрғысынан жылына кем дегенде бір рет тексеріледі және содан кейін ғана іздестіру жұмыстарын жалғастыру немесе табылған кен орынынан басқаша жолмен пайда табу қажеттігі құпталады. Осындай жағдай орын алмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай және газ қоры бар екені дәлелденсе және өзірлеу жұмыстарын жалғастыру туралы шешім қабылданса, онда тиісті шығындар негізгі құралдардың құрамына көшіріледі (мұнай-газ активтеріне).

Өзірлеу шығындары

Құрылыстар мен құрылғылардың және инфрақұрылым нысандарының, айталық платформалар, құбыр жолдары мен өзірлеу ұңғымаларын бұрғылау сияқты шығындар негізгі құралдардың құрамына капитализацияланады, оған коммерциялық тұрғыдан жеткілікті көлемде көмірсутектері табылмаған ұңғымалардың шығындары қосылмайды, олар кезеңдегі құрғақ ұңғымалар шығыны ретінде есептен шығарылады.

2.5. Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқы бағасы бойынша көрсетіледі және одан амортизация, бүліну мен құнсыздану құны шегеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе құрылыс бағасынан, активті іске қосуға тікелей мүмкіндік жасайтын шығындардан және қажет болған жағдайда активті жою бойынша бағаланған бастапқы шығындардан құралады.

Сатып алу немесе құрылыстың бағасы, активті сатып алу үшін ұсынылған жалпы құн мен кез келген түрдегі сыйақылардың әділетті құнының жиынтығы болып табылады.

Мұнай-газ активтері дәлелденіп өзірленген қорлар бойынша өндірістік тәсілді падалана отырып амортизацияланады. Кейбір пайдалы қызмет көрсету мерзімі кен орнын пайдалану қызметінің қалған уақытынан кем мұнай-газ активтері, пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде, яғни 4-10 жылдың арасында тікелей сызықтық тәсіл бойынша амортизацияланады.

Басқа да негізгі құралдардың құрамына ғимраттар, машиналар мен жабдықтар кіреді, олар орташа қызмет ету мерзіміне сәйкес 24 жылдың ішінде және тиісінше негізгі құралдардың әрбір тобы бойынша 7 жылдың ішінде сызықтық тәсілді қолдана отырып амортизацияланады.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет көрсететін жорамалды мерзімі жыл сайын қайта қаралады және қажет болған жағдайда, мерзімін өзгерту бойынша алдағы кезеңдерге түзету енгізіледі.

Егер қандай да бір орын алған жағдайларға, өзгерістерге байланысты, ағымдағы құн өтімділікті қамтамасыз етпейтін болса, онда негізгі құралдардың ағымдағы бағасын құнсыздандырып, арзандату туралы шешім қабылданады.

Негізгі құралдардың нысандар, олардың ішінде коммерциялық көлемдегі көмірсутектерін өндіруді тоқтатқан және жойылуы жоспарланған өнім өндіру ұңғымалары да бар, есептен шығарылатын активтер ретінде есепке алынады, себебі ондай активтерді келешекте пайдалану экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Актив тоқтатылған деп танылғаннан кейінгі кез келген табыс немесе зиян (нысанның ағымдағы құны мен сатудан түскен таза түсімнің арасындағы айырма ретінде есептеледі), осы оқиға орын алған кезеңдегі жалпы табыс туралы есепке қосылады.

2.6. Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Орын алған оқиғалар немесе өзгерістер активтің ағымдағы құнының өтімділігін қамтамасыз ете алмайтынын анықтаған кезде, Компания активтерге немесе активтердің тобына құнсыздандыру жүргізетін бағалауды іске асырады. Бағалау үшін құнсыздандырудың ең төменгі деңгейі бойынша жекелеген активтер топталады, оларға қатысты сәйкестендірілген ақша ағыны белгіленеді және олар активтердің басқа да топтарымен қоса генерацияға ұшырайды. Егер осындай көрсеткіштер белгілі болса немесе актив топтарын жыл сайын құнсыздандыру талап етілсе, Компания активтің өтімді құнын бағалауды іске асырады. Активтер тобының өтімді құны ең әділ құннан оның сату шығындары мен пайдалану құнын шегеру арқылы анықталады. Егер

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

2. Есеп саясатындағы маңызды аспектілерге шолу (жалғасы)

активтер тобының ағымдағы құны өтімді құнынан артық болса, онда активтер тобына арзандату жүргізіледі және өтімді құнына дейінгі сома есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде, күтілетін ақша ағынының тәуекеліне түзету енгізіледі, ол активтер тобына тән және салық салынғанға дейінгі дисконттау ставкасын пайдалана отырып, ағымдағы құнға дисконттау жүргізу арқылы іске асырылады және ақшалай құнының ағымдағы уақытша нарықтық бағасын көрсетеді.

Әрбір есепті кезеңде бұрын танылған, құнсызданудан келген зиянның қандай да бір индикаторының сақталғанына қатысты бағалау жүргізіледі және оның сақталмағаны немесе азайғаны анықталады. Егер ондай индикаторлар сақталған болса, онда өтімді құнға бағалау жүргізіледі. Егер соңғы рет активтің өтімді құнын анықтау кезінде танылған зиянды бағалау үрдістерінде өзгерістер орын алса, онда құнсыздандыру бойынша бұрын танылған зиянға сторно жасалады. Ондай уақытта активтің ағымдағы құны оның өтімді құнына дейін көбейтіледі. Егер алдыңғы кезеңде құнсыздану салдарынан келген зиян танылмаған болса, онда көбейтілген құн тозу немесе амортизация шығынын шегеру арқылы анықталған ағымдық құннан артық болмайды. Ондай сторно пайда немесе зиян деп танылады.

Сторналау жүргізілгеннен кейін, пайдалы қызмет етудің қалған мерзімінде, қайта қаралған, қалдық құны шегерілген активтің ағымдағы құнын келесі кезеңдерде амортизация бойынша үздіксіз түрде тарату үшін шығындарға түзетулер енгізіледі.

2.7. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердің құны жинақталған амортизация мен құнсызданудан жиналған зиянды шегеруден кейінгі бағасымен есепке алынады. Материалдық емес активтерге барлау мен бағалаудың капитализацияланған шығындары және басқа да материалдық емес активтер кіреді, сондай-ақ, негізінен компьютерлік қамтамасыз ету бағдарламаларынан құралады. Бизнеспен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы кездегі сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құн – бұл активті сатып алу үшін ұсынылған кез келген сыйақының өділетті құны мен төленген соманың жиынтығы. Компьютерлік қамтамасыз ету бағдарламаларының қызмет ету мерзімі 3-7 жылды құрайды және осы кезеңде сызықтық тәсілдің негізінде амортизацияланады.

Егер оқиғалар немесе жағдайдың өзгеруі ағымдағы құнның өтімділігін қамтамасыз етпейтін болса, материалдық емес активтердің ағымдағы бағасының құнсыздануына байланысты сараптама жүргізіледі.

2.8. Қаржылық активтер

БЕХС 39 аясында қаржылық активтер пайда немесе зиян арқылы қаржылық активтер ретінде өділетті құны бойынша жіктеледі, өтелгенге дейін ұсталатын активтер, сатуға арналған қаржылық активтер, займдар, саудалық және басқа да дебиторлық берешектер олардың мақсатына қарай жіктеледі. Бастапқы кезде танылған қаржылық активтер өділетті құн бойынша бағаланады. Егер инвестициялар пайда немесе зиян арқылы қаржылық актив ретінде өділетті бағасымен жіктелмейтін болса, онда есепте көрсету кезінде олардың өділетті құнына мәміле жасау кезіндегі тікелей жұмсалған шығындары қосылады.

Компания өзінің қаржылық активтерін бастапқы кезде тану барысында жіктеу жүргізіп анықтайды және рұқсат етілсе әрі лайықты болса, аталған жіктеуді әрбір қаржылық жылдың соңында қайта қарастырады.

Қаржылық активтерді стандарттық түрде сатып алу мен сату, мәміленің орындалған уақытына сәйкес танылады, яғни Компанияның активтерді сатып алу немесе сату туралы міндеттемелерді қабылдаған күні. Стандарттық түрде сатып алу немесе сату – бұл нарықта қабылданған, әдетте нормативтік актілер немесе ережелер бойынша бекітілген уақытта активтерді тіркеуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату.

Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар

Егер Компания өтеу мерзіміне дейін ұстап тұруға ниетті және қабілетті болса, онда белгіленген немесе анықталған төлемдері мен өтеу мерзімі белгіленген, өтелгенге дейін ұсталып тұратын туынды емес қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар бастапқы кезде танылғаннан кейін, тиімді қаржылық ставка тәсілін пайдалана отырып амортизациялық құны бойынша бағаланады.

Саудалық және басқа дебиторлық берешектер

Саудалық және басқа дебиторлық берешек активтері нарықта жоғары бағаланбайды және белгіленген немесе анықталған төлемдері мен өтеу мерзімі белгіленген туынды емес қаржылық активтер болып саналады. Саудалық және қаржылық берешектер бастапқы кезде танылғаннан кейін, тиімді қаржылық ставка тәсілін пайдалана отырып амортизациялық құны бойынша есепке алынады да кез келген құнсыздану резервінен шегеріледі.

Сатуға арналған қаржылық инвестициялар

Сатуға арналған қаржылық активтер – бұл туынды емес қаржылық активтер, аталған категорияға арнайы жатқызылған немесе бірде-бір басқа категорияға жатқызылмаған. Сатуға арналған қаржылық активтерді бастапқы кезде танылғаннан кейін өділетті құны бойынша бағалайды, ал бөлінбеген пайданы немесе шығынды

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

инвестицияларды танығанға дейінгі немесе құнсыздануын анықтағанға дейінгі жалпы табыстың басқа да кірісі немесе зияны ретінде есепке алады. Осы сәттен бастап жинақталған резерв пайда немесе зиян болып танылады.

Әділетті құнды бағалау

Әділетті құн дегеніміз, қалыптасқан тәртіп бойынша нарыққа қатысушылар арасында бағалау уақытында жасалатын мәмілелер аясында, сатылған актив үшін алынатын баға немесе мәміле аясында берілетін міндеттемелер үшін жасалатын төлем болып табылады. Активті сату немесе міндеттемелерді беру бойынша мәмілеге сәйкес, әділетті құнды бағалау:

- аталған актив немесе міндеттемелер үшін негізгі нарықта;
- немесе, негізгі нарық болмаған жағдайда, аталған актив немесе міндеттемелер үшін ең қолайлы нарықта жүзеге асырылады.

Компанияның негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қатысуға мүмкіндігі болуға тиіс. Активтің немесе міндеттемелердің әділетті құны, актив немесе міндеттемелердің бағасын анықтауда нарық қатысушылары пайдаланатын жорамалдарды қолдану арқылы бағаланады және осыған орай нарық қатысушылары өз мүдделері үшін әрекет етеді деп есептеледі.

Қаржылық емес активтің әділетті құнын бағалау нарық қатысушысының экономикалық пайда табу мүмкіндігін генерациялауды ескереді, ол үшін активті ең қолайлы түрде пайдалануды және оны басқа нарық қатысушысына сату арқылы аса тиімді нәтижеге қол жеткізуді көздейді, сондай-ақ аталған актив ең тиімді жолмен жоғарғы деңгейде пайдаланылады деп саналады.

Компания қалыптасқан жағдайға байланысты қолайлы болып саналатын, әрі қолжетімді бағалау тәсілін пайдаланады және ол үшін әділетті құнды бағалауға қажетті деректер де қолжетімді болуы тиіс. Осы мақсатта бақылауға ыңғайлы бастапқы мәліметтерді мейлінше толық пайдаланады және бақыланбайтын бастапқы мәліметтерді мейлінше сирек қолданады.

Қаржылық есеп бойынша бағаланатын немесе жарияланатын барлық активтер мен міндеттемелердің әділетті құны, ең төменгі деңгейдегі бастапқы мәліметтердің негізінде әділетті құн көздерінің жіктелу аясы төменде көрсетіледі және олар әділетті құнды тұтастай бағалау үшін елеулі болып саналады:

- 1-деңгей – Осы тектес активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаның нарықтық бағамы (ешқандай түзетулерсіз);
- 2-деңгей – Ең төменгі деңгейге жататын, нарықта тікелей немесе жанама түрде бақылауға алынатын,

әділетті құнды бағалау үшін бастапқы деректер елеулі болып табылатын бағалау тәсілі;

- 3-деңгей – Ең төменгі деңгейге жататын, әділетті құнды бағалау үшін бастапқы деректер елеулі болып табылатын бағалау тәсілі, нарықта бақылауға алынбайтын болып саналады

Қаржылық есеп бойынша әрбір есепті кезеңді негізге ала отырып танылатын активтер мен міндеттемелер бойынша, Компания олардың иерархиялық көздер деңгейіне сәйкес көшіру қажеттігін анықтайды, ол үшін әрбір есепті кезеңнің соңында сараптама жүргізе отырып қайтадан жіктейді (ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде, олар әділетті құнды толық бағалау үшін елеулі болып табылады).

Әділетті құн туралы ақпаратты жариялау мақсатында Компания активтер мен міндеттемелерді олардың сипаттары мен тәуекелдеріне тән, сипаттық негізде, сонымен қатар, жоғарыда атап көрсетілгендей, әділетті құн көздерінің иерархиялық деңгейіне сәйкес қолданады.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңде Компания қаржылық активтердің немесе қаржылық активтер топтарының құнсыздануы орын алғанын немесе орын алмағанын анықтайды.

Амортизациялық құн бойынша есепке алынатын активтер.

Егер амортизациялық құн бойынша есепке алынатын активтерден зиян пайда болуы туралы объективті себеп туындайтын болса, онда зиян сомасы активтің баланстық құны мен болашақта күтілетін ақша ағынының қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді ставкасының сыйақысына сәйкес ағымдағы құнының (өлі пайда болмаған болашақ кредиттік жоғалтулардан басқасы) арасындағы айырма ретінде бағаланады (яғни бастапқы танылу кезінде есептелген тиімді сыйақы ставка бойынша). Активтің ағымдағы құны резервтік соманы пайдалану арқылы азайтылады. Зиян сомасы пайда немесе зиян ретінде танылады.

Егер алдағы кезеңдерде құнсызданудан туындайтын зиян сомасы азаятын болса және ондай азаю құнсыздану танылғаннан кейін орын алатын болса, активті қайта қалпына келтіру күніндегі оның амортизацияланған ағымдағы құнынан артпайтын болса, объективті жағдайларға байланысты құнсызданудан бұрын танылған зиян сомасы сол мөлшерде сторналанады. Одан кейінгі кез келген сторналауға ұшыраған құнсызданудың зиян сомасы пайда немесе зиян ретінде танылады.

Саудалық дебиторлық берешектер бойынша, Компанияның бастапқы шот-фактуралардың шарттарына сәйкес өзіне тиесілі барлық соманы қайтарып алмауына

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

2. Есеп саясатындағы маңызды аспектілерге шолу (жалғасы)

себеп болатын объективті жағдай бар болса (мысалы, дебитордың қаржылық жағдайының нашарлауы немесе төлемсіздік қабілетінің пайда болу мүмкіндігі), құнсыздану сомасының резерві жасалады. Дебиторлық берешектердің ағымдағы құны резерв шоттарын пайдалану арқылы азайтылады. Егер үмітсіз деп саналатын болса, онда құнсызданған берекшөктерді тану тоқтатылады.

Сатуға арналған қаржылық инвестициялар

Егер сатуға арналған активтердің құнсыздануы орын алатын болса, оларды сатып алуға жұмсалған шығындар (төленген негізгі сома мен амортизация шегерілген) мен олардың ағымдағы құнының оған дейін пайда немесе зиян деп танылған, құнсызданудан келген зиянды шегергеннен кейінгі айырмасы, капиталдан пайда және зиянға көшіріледі. Қатысу құралы бойынша құнсызданған, сату үшін деп танылып, жіктеліп, бұрын танылып сторно жасалған зиян сомасы, пайда және зиян ретінде танылмайды. Егер құралдың өділетті құнының қымбаттауы құнсыздануға себеп болған объективті жағдайлармен байланысты болса, онда қатысу құралы бойынша құнсызданған зиянға сторно жасау пайда немесе зиян арқылы іске асырылмайды.

Қаржылық активтерді тануды тоқтату

Қаржылық активті (немесе, қаржылық активтің бір бөлігі немесе бір тектес қаржылық активтер тобының бір бөлігі) тану тоқтатылады, егер:

- активтен алынатын қаржылық ағынды алу құқығының мерзімі аяқталса;
- Компания активтен қаржылық ағын алу құқығын өзінде сақтап қалса, бірақ оларды қайта бөлу туралы жасалған келісімге сәйкес, еш кедергісіз үшінші тарапқа толық беру туралы міндеттеме қабылдаған болса; немесе
- Компания активтен қаржылық ағын алу туралы өз құқықтарын басқаға берген болса және немесе (а) активтен келетін барлық сыйақыларды және елеулі тәуекелдерді басқаға берген болса, болмаса (б) бермесе, бірақ активтен келетін барлық сыйақылар мен елеулі тәуекелдерді өзінде сақтап қалып, алайда аталған активтерді бақылау құқығын басқаға берген болса.

2.9. Тауарлы-материалдық қорлар

Тауарлы-материалдық қорларды есепке алуда екі тәсілдің бірі қолданылады: өзіндік құн бойынша ФИФО тәсілі және таза сату құны туралы тәсіл. Құнның құрамына қалыпты жағдайда, әрбір затты тасымалдауға және оны ағымдағы жағдайға келтіру үшін жұмсалған барлық шығындар қосылады. Шікі мұнайдың құны оны өндірудің өзіндік құнынан, оған тиесілі тозу, бұліну мен амортизациялау

шығындарынан және өндірістің орташа көлемінің негізінде есептеп шығарылған жүкқұжаттарының шығындарынан құралады. Мұнайдың таза сатылу құны ұсынылған бағаға негізделеді және одан сатуға жұмсалған шығындар шегеріліп тасталады. Материалдар мен қорлардың құны қалыпты қызмет ету барысында өтелетін сомадан аспайтын мөлшерде есепке алынады.

2.10. Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары сату және сатып алу бойынша нетто негізінде ҚҚС есептеуге мүмкіндік береді. Өтелетін ҚҚС ішкі нарықтағы сатып алу бойынша есептелген ҚҚС болып табылады, одан ішкі нарықта сату бойынша есепке алынған ҚҚС шегеріледі. Экспортқа сату нөлдік ставка бойынша есепке алынады.

Егер ақшаның уақытша құнының тиімділігі елеулі болса, өтелетін ұзақ мерзімді ҚҚС, аталған активке төн, тиісті жағдайларға сәйкес, тәуекелсіз ставканың көмегімен көрсету арқылы дисконтталады.

2.11. Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттеріне кассадағы қолма-қол ақша, банк салымдарындағы қаржылар, басқа да қысқа мерзімді, өтімділігі жоғары, еуелгі өтелу мерзімі үш айдан аспайтын инвестициялар жатады.

2.12. Жарғылық капитал

Жарғылық капитал

Қарапайым акциялар мен өтелмейтін артықшылығы бар акциялар, эмитенттің қалауы бойынша төленетін дивидендтер, капитал түрінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты, үшінші тараптың қызметіне жұмсалған шығындар, аталған эмиссияның нәтижесі бойынша капитал сомасын кеміту ретінде көрсетіледі.

Сатып алынған өз акциялары

Егер Компания немесе оның еншілес ұйымдары Компанияның акцияларын сатып алатын болса, онда олардың сатып алу құны мәміле жасауға жұмсалған тиісті шығындарымен қоса, табыс салығы шегеріле отырылып, жойылғанға дейінгі немесе қайта шығарылғанға дейінгі сатып алынған өз акциялары ретінде капиталдан шегеріледі. Компанияның қаржылық құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою кезінде алынған қандай да бір пайдасы немесе зияны жалпы табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді. Одан кейін сатылған немесе ондай акцияларды қайта шығару кезінде алынған сома капиталдың құрамына қосылады. Сатып алынған өз акциялары олардың орташа құнына сәйкес есепке алынады.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

Дивидендтер

Дивидендтер егер есепті күнді қоса алғанға дейін жарияланғана болса ғана, есепті уақыттағы капитал сомасынан шегеріледі және міндеттемелер түрінде танылады. Егер есепті уақытқа дейін ұсынылса, сонымен қатар есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есеп бекітілгенге дейін ұсынылып немесе жарияланған болса, онда дивидендтер туралы ақпарат есептілікте ашып көрсетіледі.

Акцияларға негізделген төлемдер бойынша операциялар

Компанияның қызметкерлері (оған басшылық та қосылады) сыйақыларын акцияларға негізделген төлем формасында алады. Қызметкерлер көрсеткен қызметтеріне үлестік құралдар тәсілі бойынша сыйақы алады (үлестік құралдар арқылы іске асырылатын мәмілелер).

Егер үлестік құралдарды қолдану іске асырылып және үлестік құралдар бойынша компанияның көрсеткен кейбір қызметтеріне алған сыйақылары сәйкестендірілмейтін болса, сәйкестендірілмейтін тауарлар немесе қызметтер бойынша алынған (немесе алуға жататын) деректер, мәміленің әділеттік құны мен акцияларға негізделген төлемдердің айырмасы және сыйақылар ұсынылған күнгі алынған сәйкестендірілген тауарлар немесе қызметтердің әділеттік құны бойынша бағаланады. Одан әрі аталған сома тиісінше капитализацияланады немесе шығындарға жатқызылады.

Қызметкерлердің 2007 жылдың 1 шілдесіне дейін немесе одан кейін ұсынылған үлестік құралдар бойынша есептелетін мәмілелерінің құнына қатысты сыйақылар, ондай құралдарды ұсынған кездегі әділеттік құнына сәйкес бағаланады. Әділеттік құн Блэк – Шоулз – Мертонның баға түзу туралы опциондық тәсілін пайдалану арқылы анықталады.

Шарттары белгіленген мерзімге сәйкес орындалатын, үлестік құралдарға негізделген мәмілелердің шығындары, сол мерзімге сәйкес бір мезетте капиталды тиісті мөлшерде арттыру арқылы танылады. Аталған мәмілелер бойынша жиынтық шығындар әрбір есепті кезеңде өткен кезеңге пропорционалды түрде міндеттемелерді өтегенге дейін, Компанияның сыйақы ретінде берілуге тиісті үлестік құралдарының санына қатысты ең үздік бағалауға негізделеді.

Кезең бойынша жиынтық табыс туралы есептегі шығыс немесе кіріс кезең басында және кезең соңында танылған сомалық шығындардың өзгерісі болып танылады. Қызметкерлерге міндетті түрде ауыспайтын құқық бойынша үлестік құралдардың сыйақылары шығын ретінде танылмайды.

Егер үлестік құралдар бойынша төленетін сыйақылар жойылатын болса, онда оны жойылған уақыттағы оған ауыстырылған құқық ретінде есепке алатын болады. Ондай кезде сыйақыларға қатысты әлі танылмаған барлық шығындар дереу танылады. Егер компания немесе қызметкер шарттарға ықпал ете алатын болса, бұл шарттары орындалмаған, тиісті құқықтарды қамтамасыз етпейтін сыйақыларға да қатысты болып саналады. Үлестік құралдарға сәйкес іске асырылатын барлық мәмілелер бойынша сыйақылар жойылатын болса, онда олар есепке бірдей алынады. Егер сыйақыларды жою құқықтан айыру арқылы іске асырылса, онда бұрынғы танылған кез келген шығын капитал арқылы сторноланады.

Орындалмаған опциондардың молайтушылық тиімділігі, акция пайдасының көрсеткішін есептеу кезінде акцияларды қосымша көбейту ретінде көрсетіледі.

2.13. Саудалық кредиторлық берешектер

Саудалық кредиторлық берешектер әу баста әділеттік құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық ставка тәсілін қолдана отырып, амортизациялық құны бойынша бағаланатын болады.

2.14. Резервтер

Егер өткен оқиғаларға байланысты, экономикалық пайданың жылыстауынан туындайтын Компанияның ағымдағы міндеттемелері бар болса, онда ондай міндеттемелерді өтеуге қажетті резервтер жасалады және оның мөлшері ондай міндеттемелерді өтей алатын көлемде бағаланған сенімді соманы құрауы тиіс. Егер Компания кейбір бөлімді өтейтін немесе барлық резервтерді ала алатын болса, мысалы, сақтандыру келісімшарты бойынша, онда өтелген сома жеке актив ретінде танылады, алайда өтелетін соманы алу мүмкіндігі күдік тудырмауы тиісті. Резервке жатқызылатын шығын, жиынтық табыс туралы есепте өтелу сомасын шегере отырып көрсетіледі. Егер ақшаның уақытша құнына өсер ететін ықпал деңгейі елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы ставка бойынша дисконтталады, ол тиісті міндеттемелерге тән оларды қолдану мүмкіндігін, тәуекелдерді білдіреді. Егер дисконттау қолданылатын болса, онда уақыт өте келе резервтің көбейтілуі қаржыландыруға жұмсалған шығын есебінде танылады.

2.15. Займдар

Займдар бастапқы кезде мәміле бойынша шығындарды шегере отырып, әділеттік құны бойынша танылады. Келесі кезеңдерде займдар амортизациялық құны бойынша көрсетіледі; алынған қаржының әділеттік құны (мәміле бойынша шығындар шегерілген) мен өтелетін соманың айырмасы, тиімді қаржылық ставка тәсілін қолдану бойынша берілген заём мерзімінің ішінде

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

2. Есеп саясатындағы маңызды аспектілерге шолу (жалғасы)

шоғырландырылған жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі. Егер Компанияның есепті мерзімнен кейін кем дегенде 12 айдың ішінде төлемді кейінге қалдыру туралы заңды мәртебесі болмаса, онда займдар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеліп танылады. Сатып алуға, құрылыс алуға немес жіктелетін активті өндіруге тікелей қатысты займдар бойынша шығындар капитализациялауға ұшырайды.

2.16. Қызметкерлердің сыйақысы

Компания қызметкерлердің есептелген еңбекақысының 10%-ын тиісті зейнетақы қорына аудару үшін ұстап қалады. Зейнетақыны аудару сомасы мөлшерінің айлық көлемі 2014 жылы 149.745 теңгемен шектелген (2013 жылы: айына 139.950 теңге). Қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қызметкерлер өздерін зейнетақымен қамтамасыз ету үшін жауапты болып саналады. 1 қаңтар 2014 жылдан бастап Компания, сонымен қатар, қосымша кәсіби зейнетақы салымдарын өз қызметкерлерінің зейнетақы қорына аударып отыруға міндетті, оның мөлшері қызметкерлер табысының 5%-ын құрайды.

2.17. Түсімді тану

Компания шикі мұнайды қысқа мерзімді келісімшарттар бойынша, фрахтауға, сақтандыруға және сапа жеңілдіктеріне сай түзету енгізілген Platt's бағамына сәйкес анықталған бағамен сатады. Меншік құқығы және алынған табыс шикі мұнайдың физикалық көлемі кеме бортына ауысқаннан кейін немесе кемеден түсірілгеннен кейін, болмаса тасымалдау құбырына келіп түскеннен кейін немесе келісімшарт талаптарына сәйкес келісілген басқа да жеткізу механизміне сай іске асырылады.

Компанияның келісімшарттарда белгіленген мерзімнің ішінде жеткізілуге тиісті шикі мұнайдың мөлшері мейлінше көп көлемде көрсітеледі. Тиеп жіберілген, бірақ сатып алушыға келіп жетпеген шикі мұнай, қаржылық жағдай туралы есепте тауарлы-материалдық қорлар түрінде есепке алынады.

2.18. Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойыншы шығандарға ағымдағы кезеңдегі табыс салығы, артық пайдаға салынатын салық пен кейінге қалдырылған табыс салығы кіреді.

Пайдаға салынатын ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, салық органдары анықтайтын өтелетін немесе төленетін сома бойынша бағаланады. Аталған соманы есептеу үшін қолданылатын ставкалар, Компания жұмыс істейтін және табыс салығынан кіріс алатын елдің заңнамасына сәйкес, есепті мерзімде қабылданған және қолданыстағы тәртіпке сай есептеліп шығарылады.

Артық пайда салығы («АПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығындардың бір бөлігі болып табылады. 1 қаңтар 2009 жылы күшіне енген, қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес, Компания әрбір жер қойнауын пайдалану контрактасына қатысты, жер қойнауын пайдаланудың жекелеген әр контрактасы бойынша жыл сайын жиынтық жылдық табыстың шегерілімін негізге ала отырып, айнымалы ставкалар бойынша АПС есептейді және төлейді. АПС қолдануға себепші болатын, әрбір салық жылындағы жиынтық жылдық табыстың шегерілу қатынасы 1,25:1. АПС ставкалары салық салынатын табыстың бір бөлігіне қолданылады (Корпоративтік Табыс Салығын шегергеннен кейінгі салық салынатын табыс және рұқсат етілген түзетулер) және жер қойнауын пайдалану туралы әр келісімшартқа қатысты шегерілімдер 25%-дан асады.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер, барлық есептік кезеңдерге байланысты, міндеттемелердің баланстық тәсілін қолдана отырып есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар барлық есепті кезеңдерде активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың қаржылық есептегі баланстық сомасының айырмасы ретінде анықталады. Оған бастапқы кезеңде компаниямен біріктірілмеген, іске асырылу кезінде бухгалтерлік табысқа немесе салықтық табыс пен зиянға ықпал етпейтін, мәміле бойынша гудвиллді, активті немесе міндеттемелерді танудың нәтижесінде пайда болған, кейінге қалдырылған салық кірмейді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша салық салынатын пайданың туындау мүмкіндігі жоғары болса және уақыт аралығындағы сомасының шегерілуі мүмкін болған кезде ғана, актив сол деңгейде танылатын болады. Кейінге қалдырылған салық активтерді сату немесе міндеттемелерді өтеу кезеңдерінде, есепті мерзімде күшіне енгізілген немесе нақты түрде заңдастырылған салық ставкалары бойынша есептеліп шығарылады.

Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестицияларға байланысты кейінге қалдырылған табыс салығы барлық есепті кезең бойынша танылады, оған тек қана уақыт айырмасының азаю мерзімін бақылау мүмкін болмайтын, уақыт айырмасы алдағы кезеңдерде азаймау мүмкіндігі жоғары жағдайлар ғана кірмейді

3. Елеулі ақшалай емес операциялар

31 желтоқсан 2014 жылы аяқталған жыл бойы, Компания ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есебінен, төлем көзінен төленетін есепке алынатын табыс салығына қатысты ақшалай емес

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

мәмілелерді алып тастайды, қаржылай активтер бойынша сыйақылар есебінен алынатын сома 1.773 миллион теңге (2013 жылы: 1.365 миллион теңге) және қауымдасқан компаниядан алынған сома 1.499 миллион теңге (2013 жылы: 1.766 миллион теңге).

4. Елеулі есептік бағалаулар мен пікірлер

Шоғырландырылған қаржылық есепті ҚЕХС бойынша дайындау Компания басшылығынан есептілікте көрсетілетін активтерге, міндеттемелерге және шартты активтер мен міндеттемелерге шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау уақытында, сонымен қатар, есепті кезеңде есептілікте көрсетілген активтерге міндеттемелерге, табыстарға, шығыстарға және шартты активтер мен міндеттемелерге бағалау жүргізу талап етіледі. Олардың арасындағы ең маңызды бағалаулар төменде көрсетілген:

Мұнай мен газ қоры

Компанияның тозу, бүліну мен амортизацияны есептеу кезінде мұнай мен газдың қорлары маңызды факторлар болып табылады. Компания мұнай мен газ бойынша өз қорларын Мұнай-газ инженерлері қоғамының тәсіліне сәйкес есептейді. Мұнай-газ инженерлері қоғамының тәсілі бойынша қорларды бағалау кезінде, Компания ұзақ мерзімдік жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды қолдану, жыл соңындағы спот бағасын пайдалануға төн тұрақсыздық әсерін жоюға ықпал етеді.

Басшылықтың өнім өндіруді жоспарлау мен сату және инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін пайдаланатын ұзақ мерзімдік жоспарлы бағалары, өнім өндіру жөніндегі қызметтерінің ұзақ мерзімдік сипатына толық сәйкес келеді және мұнай мен газ қорларын бағалау үшін ұсынылатын ең қолайлы негіз болып саналады.

Қорларды бағалаудың барлық жолдары қандай да бір белгісіздік деңгейін есепке алады. Белгісіздік деңгейі негізінен геологиялық және инженерлік мәліметтердің сенімділігіне, ондай мәліметтерді интерпретациялау және бағалау сәтіндегі қолжетімділікке тәуелді.

Белгісіздіктің салыстырмалы деңгейі қорларды дәлелденген немесе дәлелденбеген қорлар деп аталатын екі негізгі категорияның біріне жатқызу арқылы анықталады. Дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда дәлелденген қорларды өндірудің тиімділік деңгейі жоғары және дәлелденген қорлар одан әрі әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінеді де, оларды өндіру мүмкіндіктеріне қатысты белгісіздіктің прогрессивті түрде өсуін белгілеу үшін пайдаланады.

Бағаларға жыл сайын сараптама жасалады және түзетулер енгізіледі. Түзетулер қолда бар геологиялық деректерді, кәсіптік параметрлерді немесе өндіру туралы мәліметтерді бағалаудың немесе қайта бағалаудың; жаңа мәліметтердің болуының; немесе бағалар өзгерісінің салдарынан пайда болады. Сонымен қатар, қорларды бағалау қабаттардың еңбек өнімділігін арттыруға немесе әзірлеу жұмыстарының стратегиясын өзгертуге байланысты да қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірлеу қорлары амортизация ставкасын атқарылған жұмыс көлеміне пропорционалды түрде есептеу үшін, яғни тозу, бүліну мен амортизациялау үшін қолданылады. Компания дәлелденген қорлардың құрамына бастапқы лицензиялық кезеңнің ішінде өндірілетін, өндірілуі мүмкін көлемдерді ғана қосады. Бұл лицензия мерзімін ұзартуға қатысты белгісіздікпен тікелей байланысты, себебі, түптеп келгенде лицензиялардың мерзімін өзгерту тек қана Үкіметтің рұқсаты арқылы іске асырылады.

Компанияға берілген лицензиялық кезеңді ұзарту және қорларды белгіленген тиісті мөлшерде көбейту, әдетте тозу, бүліну мен амортизациялау бойынша шығындарды мейлінше азайтуға әкеліп соқтырады және табыс көлеміне елеулі түрде ықпал ете алады. Дәлелденіп, әзірленген қорлар көлемінің төмендеуі, тозуға, бүлінуге және амортизациялауға жұмсалатын шығындарды арттыруға әкеліп соқтырады (егер өндіру деңгейі тұрақты болса) және табыс көлемі азаяды, сонымен қатар мүліктердің баланстық құнының тікелей кемуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Іске қосылған көн орындарының саны салыстырмалы түрде аз болса, алдыңғы жылмен салыстыру бойынша қорларды бағалау өзгерістерінің кез келген мүмкіндіктері бар және олар тозу, бүліну мен амортизациялаудың аударымдарына елеулі түрде ықпал етуі мүмкін.

Мұнай-газ активтерінің өтімділігі

Егер орын алған оқиғалар мен жағдайлар активтің баланстық құнының өтелмеуі мүмкін екенін көрсететін болса, Компания активті немесе активтер тобының генерацияланатын ақша қаражатын («генерацияланатын бірлік») құнсыздандыру мақсатында қайта бағалайды. Егер ондай индикатордың бар екені белгілі болса, өтелетін құнға байыпты түрде бағалу жүргізіледі, ол әділетті құнның ең жоғарғы мәнінен сату және қолданылған құнның шығындарын шегеру арқылы анықталады. Ондай есептеулерді жүргізу кезінде, белгісіздік пен тәуекелге толы мұнайдың ұзақ мерзімдік бағаларын, дисконттың ставкаларын, келешектегі капиталға деген қажеттілікті, операциялық шығындарды (өнім өндіру мен сату көлемін қоса) бағалау талап етіледі. Активтің баланстық немесе генерацияланған құны оның өтімділік құнынан жоғары болса, онда актив немесе генерацияланған бірлік

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

4. Елеулі есеп бағалары және пайымдаулар (жалғасы)

құнсызданған болып саналады және ол өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады.

Өтелетін құнды бағалау кезінде болашақ ақша ағындары активтер тобына/генерацияланған бірліктерге олардың ағымдағы құнын дисконттау ставкасын пайдалану арқылы арнайы тәуекелдерге орай түзетулер енгізіледі, ол аталған активке тән тәуекелдер мен ақшаның ағымдағы нарықтық уақытша құнын бағалауды көрсетеді. Сатуға жұмсалаған шығынды шегергеннен кейінгі әділетті құн, нарық қатысушылары арасындағы қарапайым меміле аясында сату кезінде алынатын құн түрінде анықталады және ұйым үшін ерекше болып саналатын және ұйымға толықтай әсер етпейтін факторлардың ықпалын көрсетеді.

Компания басшылығы жүргізген, 31 желтоқсан 2012 жылы аяқталған шоғырландырылған жылдық қаржылық есептегі «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өтелетін құнын бағалау кезінде, құнсыздану көлемі 75 миллиард теңге мөлшерінде танылған болатын. Аталған бағалау құнсыздану индикаторларының пайда болуына байланысты жүргізілді. Құнсызданудың негізгі индикаторларының қатарына 2010 және 2011 жылдардағы өнім өндіру көлемінің жоспармен салыстырғанда едәуір көлемде кемуі мен операциялық және күрделі шығындардың артуы жатады.

2013 жылы сәуір айында Компания басшылығы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өтелетін құнына қайта бағалау жүргізді және 31 наурыз 2013 жылы аяқталған қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есеп бойынша үш айдың ішінде қосымша 56 миллиард теңгеге құнсызданғанын мойындады. Қосымша құнсыздану ең алдымен 12 сәуір 2013 жылы бір тонна мұнайдың экспорттық кедендік баж салығының 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін артуымен байланысты болды.

2014 жылы сәуір айында Компания басшылығы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өтелетін құнына қайта бағалау жұмыстарын жалғастырды және 31 наурыз 2014 жылы аяқталған қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есеп бойынша үш айдың ішінде қосымша 27 миллиард теңгеге құнсызданғанын мойындады. Қосымша құнсыздану ең алдымен бір тонна мұнайдың экспорттық кедендік баж салығының 60 АҚШ долларынан 80 АҚШ долларына дейін артуымен және қызметкерлер сыйақысына жұмсалған шығындардың көбеюімен байланысты болды.

31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша, мұнай құнының төмендеуі Компанияның генерацияланған бірліктерінің құнсыздануы мүмкін екенін көрсетті. 2014 жылы желтоқсан айында Бас компания бағасы

18,50 АҚШ долларын құрайтын ЖДҚ-да қалған акциялар бойынша коммерциялық ұсынысын қайтып алатынын жариялады. Осыған байланысты, Компания басшылығы 31 желтоқсан 2014 жылы аяқталған жыл бойынша, активтердің өтелетін құнына бағалау жүргізді, олардың құрамына еншілес ұйымдардың, компаниямен қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың мұнай-газ активтері қосылған. 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша, «Өзенмұнайгаз» АҚ қатысты құнсызданудан келген қосымша зиянның сомасы 228 миллиард теңгені құрады және жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есебінде танылып, мұнай-газ активтерінің баланстық құнын азайтты.

Компания өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындары моделін пайдалана отырып есептейді. Дисконттау ставкасы Компанияның салық төленгеннен кейінгі капиталының орташа құнының 13,09% мөлшерінде алынған. Жыл сайын бекітілетін бизнес жоспарлар негізгі ақпарат көздері болып табылады, себебі олардың құрамында мұнай өндіру, сату көлемі, табыстар, шығындар мен күрделі шығындар бойынша болжамдар бар.

Мұнай бағасы мен инфляция болжамдары сияқты түрлі жорамалдар қолданыстағы бағаларды, шетелдік валюталардың айырбастау бағамдарын, басқа да макроэкономикалық факторларды және тарихи үрдістер мен тербелістерді есепке алады. Келешекте күтілетін ақша ағындарының уақыты лицензияның 2021 жылғы мерзімімен шектеледі. 2019 жылға дейінгі шығындар Компанияның бюджеті мен бизнес жоспарының негізінде, сонымен қатар, Компания басшылығының операциялық және күрделі шығындардағы әлеуеттік өзгерістер туралы ағымдағы бағалауларының негізінде болжанған болатын. Ақша ағындарының басым бөлігі осы кезеңнен кейін күтілетін инфляция ставкасын қолдану жолымен болжанған, оған бағалау жүргізілген күнгі басшылық бағалаған ең үздік бағаға негізделген күрделі шығындар кірмейді.

Өтелетін соманы бағалау үшін қажетті маңызды болжамдарға мұнайдың бағасы, өндірілген өнім көлемі, валюталық бағам мен дисконттау ставкасы жатады. Маңызды өзгерістер мен сезімталдық өзгерістері жорамал бойынша бағаланған.

Шикі Brent мұнайы бағасының болжамдары тәуелсіз салалық сарапшылар мен зерттеу ұйымдарының нарықтық қатынастарға қатысты күтілетін жорамалдарына негізделген. Егер шикі Brent мұнайының бағасы бағалау кезінде болжанған көрсеткіштен 5% артық болса, онда ол бағаланған өтелетін құнды 37 миллиард теңгеге көбейтуге мүмкіндік береді.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

Егер аталған көрсеткіш ішкі нарықтағы бағаны бағалау кезіндегі жорамалды бағадан 5% артық болса, онда ол бағаланған өтелетін құнды 18 миллиард теңгеге көбейтуге мүмкіндік берер еді.

Болжанған өнім өндіру көлемі ұзақ мерзімдік жоспарлаудың бір бөлігі болып саналады және даму жоспарында есепке алынатын бизнес жоспарға негізделген. Егер өнім өндіру көлемі барлық кезеңде шамамен 5%-ға кемітін болса, онда ол нөлдік тиімділікке өкеліп соқтырады.

Бизнес жоспардың негізінде, сату конвертациясы үшін бір АҚШ долларының теңгеге шаққандағы деминацияланған 185 теңгелік айырбастау бағамы пайдаланылған. Егер АҚШ долларының теңгеге қатысты күтілетін айырбастау бағамы бағалау кезінде қолданылғандай 25% жоғары болса, онда ол өтелетін құнды 99 миллиард теңгеден астам көлемде көбейтуге мүмкіндік береді.

Активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелер

Заңнама мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, келісімшарттардың тиісті шарттары бойынша, Компания әрбір кен орынындағы жер учаскелерін қалпына келтіруге және негізгі құралдарды жою мен демонтаждау жұмыстарын аяғына дейін жүргізуге заңды түрде міндетті. Мысалы, ондай міндеттемелерге Компанияның өнім бермейтін барлық ұңғымаларды біртіндеп жабуға және жұмысын толық тоқтатуға қатысты, құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарт бойынша берілген аумаққа рекультивация жүргізу сияқты жұмыстар кіреді. Лицензиялардың мерзімі Компанияның қалауына сәйкес ұзартылмайтынын ескеретін болсақ, әрбір лицензиялық кезеңнің толықтай аяқталу мерзімі, міндеттемелердің есепті мерзімде өтелуімен сәйкес келетінін есте сақтау керек.

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын пайдаланудың экономикалық тұрғыдан негізделген мерзімі аяқталуына сәйкес өтелуге тиісті болатынын ескерсек, онда міндеттемелерге ұңғымаларды жою мен кен орындарын жабу жөніндегі соңғы шығындар қосылатындықтан, есепте көрсетілетін міндеттемелер көлемі едәуір ұлғаяр еді. Компанияның ұңғымаларды жою мен жабуға қатысты қаржыландыру шығындары тиісті контракттардың шарттары мен қолданыстағы заңнамаға тәуелді. Егер контрактты немесе заңнама бойынша лицензияның мерзімі аяқталуға байланысты толық жоюға және толықтай жабуға байланысты қаржыландыру шығындары қарастырылмаған болса, ондай жағдайлар міндеттемелерге кірмейді.

Ондай шешімді қабылдау керектігі кейбір тұрлаусыздық және елеулі пікірлерге байланысты туындайды. Ондай міндеттемелердің бар немесе жоқ болуына қатысты басшылықтың бағалауы, саясат пен Үкімет тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық жұмыстардағы өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін. Активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелерін Компания әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептеп шығарады.

Міндеттемелердің сомасы міндеттемелерді өтеу үшін қажет болып саналатын, бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады, ол экономикасы өтпелі кезеңде дамитын елдің мемлекеттік қарызы бойынша орта мерзімді тәуекелсіз пайыздық ставканы қолдана отырып анықталған, келешекте күтілетін инфляция мен дисконттау деңгейіне сәйкес, қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерді түзетуді талап етеді.

Активтерді есептен шығару бойынша міндеттеме әрбір есепті кезеңде қайта қаралады және пайдаланудағы нысанды есептен шығару, жұмыс істейтін учаскелердегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру және басқа да осы тектес басқа да міндеттемелерді Интерпретациялаудың 1- Өзгерісіне сәйкес, ең үздік бағаны анықтау мақсатында түзетулер енгізіледі.

Нысандарды жабудың болашақтағы шығындарын бағалау үшін басшылық жасап шығарған елеулі бағалаулар мен пікірлер қолданылды. Ондай міндеттемелердің басым бөлігі алдағы ұзақ уақыттық болашаққа қатысты болғандықтан, заңнама талаптарының қалай өзгеретіні белгісіз болуымен қатар, Компанияның бағалауына активтерге қатысты сала бойынша пайдаланылатын технологиялардың, шығындардың өзгерістері де ықпал етуі мүмкін. Мысалы, 2014 және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы толық жабу бойынша шығындарға сәйкесінше резервтің шамамен 16,60%-ы және 15,72%-ы жұмсалды. Компания келешекте жойылатын ұңғымалар құнын ағымдағы жылдың бағасы мен орта мерзімді инфляция деңгейін пайдалана отырып бағалайды.

Міндеттемелердің баланстық құнын бағалау үшін қолданылған ұзақ мерзімдік инфляция деңгейі мен дисконттау ставкасы 31 желтоқсан 2014 жылға, тиісінше 5,0% және 7,9% (2013 жылы: 5,0% және 7,9%). Активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелердің өзгерісі 13-Ескертуде көрсетілген.

Экологиялық сауықтыру

Сонымен қатар, Компания экологияны қалпына келтіру резервтерін қалыптастыру бойынша да бағалау жүргізіп, пікірін білдіреді. Қоршаған ортаны қорғау шығындары капитализацияланады немесе олардың келешектегі экономикалық тиімділігіне байланысты шығындардың

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

4. Елеулі есеп бағалары және пайымдаулар (жалғасы)

қатарына жатқызылады. Бұрынғы атқарылған жұмыстардан пайда болған, қазіргі жағдайға жататын және болашақта экономикалық тиімділік әкелмейтін шығыстар шығындардың қатарына жатқызылады.

Шығындар туралы ағымдағы ақпарат пен жоспарлы түрде рекультивация жүргізу бойынша күтілетін шығындар дисконттау ставкаларын негізге алып, қажетті үрдістердің мерзіміне қатысты басшылықтың ойын ескере отырып, міндеттемелер анықталды. Экологияны қалпына келтіру резервтері, Компанияның қолданыстағы қазақстандық нормативтік базаның талаптарын сақтай отырып, күтілетін шығындарды тәуелсіз түрде бағалау жүргізуі, басшылықтың ең үздік бағалаулары болып саналады. Аталған шоғырландырылған қаржылық есепті жасау уақытында, 2014 жылы шілде айында Компания мен Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігінің арасында қол қойылған Ынтымақтастық туралы Меморандумға (ЫТМ) сәйкес, топырақты ластау және мұнай қалдықтарын жоюға қатысты анықталған көрсеткіштерге орай, Компания экологияны қалпына келтіру резервтерін бағалау тәсілін өзгертті. ЫТМ бойынша рекультивация жүргізу жоспарының мерзімі 2021 жылға дейін 7 жыл деп келісілді.

Экологияны қалпына келтіруге қатысты қосымша белгісіздіктер 24-Ескертуде көрсетілген. Экологияны қалпына келтіру міндеттемелері бойынша өзгерістер 13-Ескертуде көрсетілген.

Салық салу

Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығына да («КТС»), сонымен қатар АПС бойынша да есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС және АПС активтер мен міндеттемелердің мерзімдік айырмасы, жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттарына байланысты күтілетін ставкалар бойынша есептеліп шығарылады. Кейінге қалдырылған КТС пен АПС Салық кодексінде қабылданған салық заңнамасының шарттары бойынша есептеліп, 20-Ескертуде көрсетілген. Салық салуға қатысты келесі тұрлаусыздықтар 24-Ескертуде көрсетілген.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

5. Негізгі құралдар

	Мұнай-газ активтері	Басқа активтер	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Жиынтығы
Қалдық құн				
1 қаңтар 2013 жылға	259.086	41.302	25.132	325.520
Келіп түсуі	1.417	4.104	132.957	138.478
Активті есептен шығару міндеттемелерін бағалаудағы өзгеріс	(63)	–	–	(63)
Есептен шығару	(4.179)	(1.307)	(2.550)	(8.036)
Аяқталмаған күрделі құрылыс бойынша ауыстыру	99.996	23.858	(123.854)	–
Ішкі ауыстырулар	182	(1.900)	1.718	–
Тозу мен бүлінулер бойынша аударымдар	(40.626)	(4.499)	–	(45.125)
Құнсыздану (18 ескерту)	(49.603)	(5.802)	(4.694)	(60.099)
31 желтоқсан 2013 жылға қалдық құн	266.210	55.756	28.709	350.675
Қалдық құн	178	2.673	123.188	126.039
Келіп түсуі	203	–	–	203
Активті есептен шығару міндеттемелерін бағалаудағы өзгеріс	(4.182)	(1.083)	(1.025)	(6.290)
Есептен шығару	107.950	13.027	(120.977)	–
Аяқталмаған күрделі құрылыс бойынша ауыстыру	(48)	25	23	–
Ішкі ауыстырулар	(52.320)	(5.188)	–	(57.508)
Тозу мен бүлінулер бойынша аударымдар	(222.330)	(16.451)	(17.902)	(256.683)
31 желтоқсан 2014 жылға қалдық құн	95.661	48.759	12.016	156.436
31 желтоқсан 2013 жылға				
Бастапқы құн	749.948	114.640	29.493	894.081
Жинақталған тозу мен бүліну	(309.629)	(28.550)	–	(338.179)
Жинақталған құнсыздану	(344.658)	(37.331)	(17.477)	(399.466)
Қалдық құн	95.661	48.759	12.016	156.436
31 желтоқсан 2013 жылға				
Бастапқы құн	654.545	102.441	30.841	787.827
Жинақталған тозу мен бүліну	(267.116)	(25.534)	–	(292.650)
Жинақталған құнсыздану	(121.219)	(21.151)	(2.132)	(144.502)
Қалдық құн	266.210	55.756	28.709	350.675

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

6. Материалдық емес активтер

	Барлау мен бағалау бойынша активтер	Басқа материалдық емес активтер	Жиынтығы
1 қаңтар 2013 жылға қалдық құн	15.789	3.795	19.584
Келіп түсу	4.955	889	5.844
Өнімсіз ұңғымаларды есептен шығару	(10.447)	–	(10.447)
Есептен шығару	(887)	(11)	(898)
Амортизациялық аударымдар	(998)	(1.021)	(2.019)
31 желтоқсан 2013 жылға қалдық құн	8.412	3.652	12.064
Келіп түсу	1.440	624	2.064
Өнімсіз ұңғымаларды есептен шығару	(1.263)	–	(1.263)
Есептен шығару	(17)	(16)	(33)
Амортизациялық аударымдар	(982)	(995)	(1.977)
31 желтоқсан 2014 жылға қалдық құн	7.590	3.265	10.855
31 желтоқсан 2014 жылға			
Бастапқы құн	41.897	9.271	51.168
Жинақталған амортизация	(22.075)	(5.933)	(28.008)
Жинақталған құнсыздану	(12.232)	(73)	(12.305)
Қалдық құн	7.590	3.265	10.855
31 желтоқсан 2013 жылға			
Бастапқы құн	41.998	8.782	50.780
Жинақталған амортизация	(21.267)	(5.025)	(26.292)
Жинақталған құнсыздану	(12.319)	(105)	(12.424)
Қалдық құн	8.412	3.652	12.064

2014 жылы Компания Өзен-Қарамандыбас және Тайсойған блоктарында бұрғыланылған барлау ұңғымаларына қатысты өнімсіз ұңғымалар бойынша шығындарды таныды. 2013 жылы Компания болашағы зор «WhiteBear» алаңындағы Шығыс Жарқамыс, Қаратон

блоктарында бұрғыланылған барлау ұңғымаларына қатысты өнімсіз ұңғымалар бойынша шығындарды таныды.

7. Қаржылық активтер

Басқа қаржылық активтер

	2014	2013
Өтелуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді салымдар, АҚШ долларымен	16.848	12.957
Өтелуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді салымдар, теңгемен	1.717	8.752
Басқалары	2	2
Ұзақ мерзімді қаржылық активтер жиынтығы	18.567	21.711
Қысқа мерзімді салымдар, АҚШ долларымен	525.277	406.013
Қысқа мерзімді салымдар, теңгемен	8.632	75.961
Қысқа мерзімді салымдар, британиялық фунт стерлингпен	1.571	–
Қысқа мерзімді салымдар, еуромен	33	32
Ағымдағы қаржылық активтер жиынтығы	535.513	482.006
	554.080	503.717

АҚШ долларымен есептелген қысқа мерзімді салымдар бойынша орташа ставка 2014 жылы 1,9% (2013 жылы: 2,2%). Теңгемен есептелген қысқа мерзімді салымдар бойынша орташа ставка 2014 жылы 7,9% (2013 жылы: 5,0%).

Стратегиялық есеп	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

Саудалық және басқа дебиторлық берешектер

	2014	2013
Саудалық дебиторлық берешектер	56.633	153.519
Басқалары	1.022	820
Күдікті дебиторлық берешектер бойынша резерв	(1.085)	(1.120)
	56.570	153.219

31 желтоқсан 2014 жылға Компанияның саудалық дебиторлық берешегіне, Бас компанияның еншілес ұйымы болып табылатын KazMunayGasTradingAG-тің («KMGTrading»), шикі мұнайды сатудан пайда болған сомасы 45.133 миллион теңге (2013 жылы: 148.246 миллион теңге) берешегі жатады. Аталған сома бойынша өтелу мерзімі кешіктірілмеген (2013 жылы: 54.992 миллион теңге).

Мерзімі өткен дебиторлық берешек сомасының елеулі көлемде азаюы, 2014 жылы сәуір және қараша айларында KMGTrading-тің сату туралы келісімшартына өзгерістер енгізуі себеп болды. KMGTrading-тің RompetrolRefinareS.A.-ға алдағы уақытта шикі мұнай сату бойынша дебиторлық берешекті төлеу бойынша шарттары өзгертілді, яғни өтелу

мерзімі екі айдан үш айға дейін ұзартылды. Сонымен қатар, жаңа шарттарға байланысты 2014 жылдың қараша айынан бастап Компания алты айлық LIBOR ставкасы бойынша коносамент мерзімінің 31-ші күнінен бастап, әрбір күнтізбелік күнге +3.17% сыйақыны қоса есептейді, сонымен қатар, алты айлық LIBOR ставкасы бойынша коносамент мерзімінің 91-ші күнінен бастап, әрбір кешіктірілген күнге +3.17% өсімпұл қоса есептеледі.

2014 жылдың 31 желтоқсанына сай саудалық дебиторлық берешектерінің 80%-ы АҚШ долларымен көрсетілген (2013 жылы: 97%).

31 желтоқсанға саудалық және басқа дебиторлық берешектердің өтелу мерзімі бойынша сараптамасы төменде көрсетілген:

	2014	2013
Ағымдық бөлігі	56.159	97.859
0 - 30 күнге кешіктірілген	189	40.921
30 - 60 күнге кешіктірілген	–	14.439
90 күннен көп кешіктірілген	222	–
	56.570	153.219

Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері

	2014	2013
Банктердегі қысқа мерзімді салымдар, АҚШ долларымен	77.519	81.888
Банктердегі қысқа мерзімді салымдар, теңгемен	29.401	24.431
Банктердегі қаржы мен кассадағы қолма қол ақша, АҚШ долларымен	67.355	5.626
Банктердегі қаржы мен кассадағы қолма қол ақша, теңгемен	5.951	5.561
Банктердегі қаржы мен кассадағы қолма қол ақша, британиялық фунт стерлингпен	19	1.530
	180.245	119.036

Банктердегі ақша қаражаты бойынша, банктердің күнделікті депозиттік ставкаларына байланысты сыйақы ставкасы белгіленеді. Компанияның өтімді активтерінің қажеттіліктеріне байланысты банктік депозиттер әртүрлі мерзімге орналастырылады (бір айдан үш айға дейін). Депозиттерге тиісті ставка бойынша сыйақылар есептеледі.

2014 жылы теңгелік салымдар бойынша орташа сыйақының мөлшері 6,9% (2013 жылы: 3,5%).

2014 жылы АҚШ долларымен есептелген салымдар бойынша орташа сыйақының мөлшері 0,4% (2013 жылы: 0,3%).

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

8. Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар мен бірлесе бақылауға алынатын кәсіпорындардың дебиторлық берешектері

	Иелік ету үлесі	2014	2013
Қазгермұнай («Қазгермұнай») ЖШС БК үлесі	50%	69.052	64.201
Ural Group Limited BVI («UGL») БК үлесі	50%	26.125	22.627
KS EP Investments BV («KS EP Investments») БК үлесі	51%	–	2.139
Бірлесе бақылауға алынатын кәсіпорынның дебиторлық берешегі		18.466	17.191
		113.643	106.158

Есепті кезеңдегі бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың қозғалысы:

	2014	2013
1 қаңтарға баланстық құн	88.967	89.252
Жалпы жиынтық табыстағы үлесі	32.996	23.858
Алынған дивидендтер	(45.464)	(30.570)
Бағамдық айырма мен басқа да түзетулер	13.217	1.545
KS EP Investments-тың танылмаған зияны	4.297	–
Қосымша төленген капиталдағы үлесі	1.164	4.882
31 желтоқсанға баланстық құн	95.177	88.967

Қазгермұнай, UGL және KS EP Investments биржада тіркелмеген компаниялар болып табылады және олардың акциялары бойынша нарықтық бағамдар белгіленбейді. Бірлескен кәсіпорындардың есепті кезеңі Компанияның есепті кезеңіне сәйкес келеді.

Қазгермұнай

24 сәуір 2007 жылы Компания ҚМН ҰК-дан, оңтүстік және орталық Қазақстанда мұнай мен табиғи газ өндірумен айналысатын Қазгермұнайға қатысудың 50%-дық үлесін сатып алды.

ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған Қазгермұнайдың қаржылық есебінің негізінде жасалған жинақталған қаржылық ақпарат пен Компания инвестицияларының баланстық құнының салыстырмалы тексерілуі келесі кестеде ұсынылған:

	2014	2013
Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері	37.630	27.801
Басқа ағымдағы активтер	15.425	57.122
Ұзақ мерзімді активтер	136.167	132.975
	189.222	217.898
Ағымдағы қаржылық міндеттемелер	27.694	76.845
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	23.424	12.651
	51.118	89.496
Таза активтер	138.104	128.402
Компанияның иелік ету үлесі	50%	50%
Инвестициялардың баланстық құны	69.052	64.201

	2014	2013
Кіріс	250.694	372.392
Операциялық шығындар тозу мен амортизация қосылған	(115.899)	(261.503)
Операциялық қызметтерден келген пайда	134.795	110.889
Қаржылық табыс	1.053	589
Қаржылық шығындар	(663)	(604)
Салық салынғанға дейінгі пайда	135.185	110.874
Табыс салығы бойынша шығындар	(51.840)	(54.075)
Жыл бойғы пайда	83.345	56.799
Басқа да жалпы табыс	–	–
Жалпы табыс жиынтығы	83.345	56.799
Жыл ішіндегі жалпы табыстағы Компанияның үлесі	41.673	28.400

Кәсіпорын бойынша екі әріптесінің келісімінсіз Қазгермұнайдың пайда үлестіру құқы жоқ.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

UGL

Компания 2011 жылдың 15 сәуірінде Exploration Venture Limited (EVL) компаниясынан UGL-дің қарапайым акцияларының 50%-ын сатып алды. UGL Батыс Қазақстанда мұнай және газ барлаумен айналысатын Ural Oil and Gas (UOG) ЖШС-нің 100% үлесіне иелік етеді. UOG барлау жұмыстарын аяқтап, қазіргі уақытта өнім өндіруге лицензия алу жұмыстарымен шұғылдануда.

UGL қаржылық есебінің негізінде жасалған жинақталған қаржылық ақпарат пен Компания инвестицияларының баланстық құнының салыстырмалы тексерілуі келесі кестеде ұсынылған:

	2014	2013
Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері	214	2.539
Басқа ағымдағы активтер	17	13
Ұзақ мерзімді активтер	105.155	82.380
	105.386	84.932
Ағымдағы қаржылық міндеттемелер	515	1.862
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	49.942	35.652
Ұзақмерзімдік міндеттемелер	2.680	2.165
	53.137	39.679
Таза активтер	52.249	45.253
Компанияның иелік ету үлесі	50%	50%
Инвестициялардың баланстық құны	26.125	22.627

	2014	2013
Түсім	88	5
Операциялық шығындар	(1.920)	(2.413)
Операциялық қызметтен келген зиян	(1.832)	(2.408)
Қаржылық табыс	8	37
Қаржылық шығындар	(613)	(589)
Салық салынғанға дейінгі пайда	(2.437)	(2.960)
Табыс салығы бойынша шығындар	(17)	(14)
Жыл бойғы зиян	(2.454)	(2.974)
Басқа да жалпы табыс	–	–
Жалпы зиян жиынтығы	(2.454)	(2.974)
Компанияның жыл ішіндегі жиынтық шығындағы үлесі	(1.227)	(1.487)

UGL-дің ағымдағы міндеттері мен өзінің қызметін жалғастыру үшін қажетті операциялық шығындары қатысушылардың займ түрінде тұрақты қаржыландыруына тәуелді. Нәтижесінде, Компания акционерлердің қосымша займдары ретінде, 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде, сомасы 6.100 мың АҚШ доллары (1.093 миллион теңге)

(2013: 59.450 мың АҚШ доллары немесе 9.045 миллион теңге) көлемінде қаржыландыруды қамтамасыз етті. Пайызсыз негізде берілген акционердің бастапқы және қосымша займдарының өділетті құны, займдар бойынша келешектегі ақша ағындарын дисконттаудың 15%-дық ставкасын қолдана отырып дисконттау жолымен анықталады. 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша аталған займдардың баланстық құны 141.149 мың АҚШ доллары (25.738 миллион теңге) (2013: 119.798 мың АҚШ доллары немесе 18.402 миллион теңге).

KS EP Investments

Компания 2012 жылдың 16 қарашасында өзінің KS EP Investments еншілес ұйымындағы 100%-дық үлесінің 49%-н KarpinvestOilandGasLtd.-ның еншілес ұйымы MOL Hungarian Oil and Gas Plc.-ға сатты. KS EP Investments «Карповский Северный» ЖШС-нің (КС ЖШС) 100%-дық үлесіне иелік етеді және ол Батыс Қазақстандағы «Карповский Северный» келісімшарт аумағында жер қойнауындағы мұнай, газ және конденсатты келісімшарт бойынша барлау құқығына да иелік етеді. Акционерлер келісімінің шарттарына сәйкес, KS EP Investments-тің қызметіне бірлескен бақылау орнатылады және бірде-бір акционер компанияның қызметін жеке бақылауға құқылы болмағандықтан, ол қос акционер үшін бірлесе бақыланатын кәсіпорын болып саналады.

KS EP Investments қаржылық есеншілес ұйымы есебінің негізінде жасалған жинақталған қаржылық ақпарат пен Компания инвестицияларының баланстық құнының салыстырмалы тексерілуі келесі кестеде ұсынылған:

	2014	2013
Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері	1.884	409
Басқа ағымдағы активтер	141	56
Ұзақ мерзімді активтер	5.491	11.953
	7.516	12.418
Ағымдағы қаржылық міндеттемелер	14.682	7.712
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	1.332	511
	16.014	8.223
Таза активтер	(8.498)	4.195
Компанияның иелік ету үлесі	51%	51%
Танылмаған жалпы зиян	4.334	–
Инвестициялардың баланстық құны	–	2.139

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

8. Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар мен бірлесе бақылауға алынатын кәсіпорындардың дебиторлық берешектері

	2014	2013
Операциялық шығындар	(12.841)	(5.244)
- тозу мен амортизация қосылған	(5.884)	(5.184)
Операциялық қызметтерден келген зиян	(12.841)	(5.244)
Қаржылық табыс	8	5
Қаржылық шығындар	(1.650)	(696)
Салық салынғанға дейінгі зиян	(14.483)	(5.935)
Табыс салығы бойынша шығындар	(124)	(55)
Жыл бойғы зиян	(14.607)	(5.990)
Басқа да жалпы табыс	-	-
Жалпы зиянның жиынтығы	(14.607)	(5.990)
Жыл ішіндегі жалпы зияндағы Компанияның үлесі	(7.450)	(3.055)

КС ЖШС-нің ағымдағы міндеттері мен өзінің қызметін жалғастыру үшін қажетті операциялық шығындары қатысушылардың займ түрінде тұрақты қаржыландыруына тәуелді. Нәтижесінде, KS EP Investments акционерлердің қосымша займдары ретінде, 31 желтоқсан 2014 жылы аяқталған жылдың ішінде, сомасы 15.646 мың АҚШ доллары (2.802 миллион теңге) (2013: 14.510 мың АҚШ доллары немесе 2.207 миллион теңге) көлемінде қаржыландыруды қамтамасыз етті. Акционердің 6,5%-дық ставкамен берілетін займдарының әділетті құны, займдар бойынша келешектегі ақша ағындарын дисконттаудың 15%-дық ставкасын қолдана отырып дисконттау жолымен анықталады. KS EP Investments-тің 31 желтоқсан 2014 жылы акционерге төленуге тиісті займының мерзімі 31 желтоқсан 2015 жылға дейін ұзартылды. 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша аталған займдардың баланстық құны 42.185 мың АҚШ доллары (7.692 миллион теңге) (2013: 25.602 мың АҚШ доллары немесе 3.933 миллион теңге).

Бірлесе бақылауға алынатын «CITIC Canada Energy Limited» («CCEL») кәсіпорынының дебиторлық берешегі

2007 жылы Компания Гонконг қор биржасында тіркелген, қаржысы батыс Қазақстанда мұнай мен табиғи газ өндірумен айналысатын «CITIC Group» холдингітік

компаниясына тиесілі «StateAllianceHoldingsLimited»-ке инвестицияланған бірлесе бақылауға алынатын CCEL кәсіпорнының 50%-дық үлесін сатып алды.

CCEL қолда бар таратылатын капиталды негізге ала отырып жыл сайын дивидендтерді жариялап отыруға міндетті. Сонымен қатар, Компания CCEL-ден алынған, 31 желтоқсан 2014 жылға кепілді төлемнің ең жоғарғы сомасы 509,5 миллион АҚШ долларынан (92.912 миллион теңгеден), (2013 жылы: 536,3 миллион АҚШ долларынан немесе 82.375 миллион теңгеден) асқан кез келген дивидендтерді 2020 жылға дейін CITIC-ке төлеп отыру туралы міндеттеме қабылдады. Ең жоғарғы сома дегеніміз Компанияның бастапқы бағамен сатып алған үлесінің, CITIC-ті қаржыландырған және қоса есептелген сыйақылардан қалған сомасы. Компания CITIC-ке оның CCEL-ден эквивалентті соманы алғанға дейін қаржыландыратыны туралы міндеттеме алған жоқ. Соған сәйкес, Компания өзінің қаржылық жағдайы туралы есебінде CCEL-ден 2020 жылға дейін жыл сайын кепілді төлемнің көлемінде дивидендтер алуға құқысы бар екенін, оған қоса ең жоғарғы кепілді сомадан асатын кез келген дивидендтерді ұстап қалу құқығы бар екенін таниды. 31 желтоқсан 2014 жылға аталған дебиторлық берешектің мәмілелер бойынша амортизацияланбаған шығындарды шегергеннен кейінгі баланстық құны 100,5 миллион АҚШ доллары (18.331 миллион теңге) (2013 жылы: 110,9 миллион АҚШ доллары немесе 17.033 миллион теңге).

Оның сыртында, Компания сатып алу келісімшартында көрсетілген кей жағдайларға байланысты, өз опционын сатуға және CITIC-ке инвестицияларды қайтаруға және 150 миллион АҚШ долларын жылдық ставкасы 8%-дық сыйақысымен, алынған кепілді төлемдердің жалпы сомасын шегере отырып, қайтарып алуға құқылы.

17 қараша 2008 жылы кепілді сома 26,2 миллион АҚШ долларынан 26,9 миллион АҚШ долларына дейін көбейтілді және ол сома тең бөлініп жыл сайын 12 шілдеден және 12 желтоқсаннан кешіктірілмей төленеді. Аталған келісім жасалғаннан кейін CCEL-дің дебиторлық берешектері бойынша сыйақысының тиімді ставкасы жылына 15%-ды құрады.

Стратегиялық есеп	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

9. Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар

	Иелік ету үлесі	2014	2013
«ПетроҚазақстан Инк» б/ша үлесі («ПҚИ»)	33%	116.054	107.095

ПҚИ биржада тіркелмеген компания болып табылады және оның акциялары бойынша нарықтық бағамдар белгіленбейді. ПҚИ кен орындарын барлаумен және өзірлеумен, мұнай және газ өндірумен, мұнай кен орындарын сатып алумен және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатумен айналысады. ПҚИ-дің негізгі өндірістік мұнайгаз активтері оңтүстік және орталық Қазақстанда

орналасқан. Компания ПҚИ-дің 33 пайыздық үлесін 2009 жылы желтоқсан айында сатып алды.

Компаниямен қауымдасқан кәсіпорындар қаржылық есебінің кезеңі Компанияның есепті кезеңіне сәйкес келеді. Есепті кезеңдегі қауымдасқан компания инвестицияларының қозғалысы:

	2014	2013
1 қаңтарға баланстық құн	107.095	118.959
Жалпы жиынтық табыстың үлесі	18.738	21.215
Алынған дивидендтер	(29.981)	(35.334)
Бағам айырмасы және басқа түзетулер	20.202	2.255
31 желтоқсанға баланстық құн	116.054	107.095

ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған ПҚИ-дің қаржылық есебінің негізінде жасалған жинақталған қаржылық ақпарат

пен Компания инвестицияларының баланстық құнының салыстырмалы тексерілуі келесі кестеде ұсынылған:

	2014	2013
Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері	23.371	8.241
Басқа ағымдағы активтер	73.831	98.237
Ұзақ мерзімді активтер	416.493	391.201
	513.695	497.679
Ағымдағы міндеттемелер	86.751	86.826
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	75.266	86.323
	162.017	173.149
Таза активтер	351.678	324.530
Компанияның иелік ету үлесі	33%	33%
Инвестициялардың баланстық құны	116.054	107.095

	2014	2013
Кіріс	263.445	295.928
Операциялық шығындар	(174.633)	(220.106)
<i>тозу мен амортизация қосылған</i>	<i>(53.275)</i>	<i>(38.831)</i>
Операциялық қызметтен келген пайда	88.812	75.822
Бірлескен кәсіпорындар табысындағы үлес	32.527	53.585
Қаржылық табыс	690	695
Қаржылық шығындар	(4.065)	(3.344)
Салық салынғанға дейінгі пайда	117.964	126.758
Табыс салығы бойынша шығындар	(52.100)	(59.709)
Жылдық пайда	65.864	67.049
Басқа жалпы зиян	(9.084)	(2.761)
Жалпы табыстың жиынтығы	56.780	64.288
Жылдық жалпы табыстағы Компанияның үлесі	18.738	21.215

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

10. Тауарлы-материалдық қорлар

	2014	2013
Шикі мұнай	13.783	13.999
Материалдар	12.574	13.423
	26.357	27.422

31 желтоқсан 2014 жылға Компанияның резервуарларында және транзитінде 324.311 тонна шикі мұнай болды (2013 жылы: 303.157 тонна).

11. Жарғылық капитал

	Шығарылған акциялар	
	Акциялар саны	Миллион теңге
1 қаңтар 2013 жылға	68.157.702	162.952
Акция опциондарының орындалуы нәтижесінде сатып алынған өз акцияларының азаюы	1.607	17
31 желтоқсан 2013 жылға	68.159.309	162.969
Акция опциондарының орындалуы нәтижесінде сатып алынған өз акцияларының азаюы	3.326	35
31 желтоқсан 2014 жылға	68.162.635	163.004

11.1. Жарғылық капитал

Шығарылуы жарияланған акциялар

Шығарылуы жарияланған акциялардың жалпы саны 74.357.042 (2013 жылы: 74.357.042). Шығарылуы жарияланған 70.220.935 акция қарапайым акциялардың қатарына жатады (2013: 70.220.935) және 4.136.107 өтелмеген артықшылығы бар акциялар (2013: 4.136.107). 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша айналымда жүрген 43.087.006 акция Бас компанияға тиесілі (2013 жылы: 43.087.006). Компания акцияналарының номиналдық құны жоқ.

Дивидендтер

Қазақстан заңнамасы бойынша, егер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы стандарттарына сәйкес дайындалған қаржылық есеп теріс таңбалы капиталмен жасалған болса немесе дивидендтерді төлеу нормативтік қаржылық есептіліктің теріс таңбалы капиталына екеп соқтыратын болса, онда дивидендтер жарияланбайды. 2014 жылы 23 мамыр 2014 жылғы тіркелген реестрге сәйкес қарапайым, сондай-ақ артықшылығы бар бір акцияға шаққанда акционерлерге төленетін төлем сомасы 1.976 теңгені құрады (2013 жылы: әр акцияға 1.619 теңге).

11.2. Қызметкерлерге арналған опциондық бағдарлама

Жыл ішінде қызметкерлерге арналған опциондық бағдарлама бойынша шығын жұмсалған жоқ (2013 жылы: 145 миллион теңге).

Қызметкерлерге арналған опциондық бағдарламаның жоспары

1-опциондық бағдарламаның жоспарына сәйкес («1ОПС»), басқару қызметтерін атқаратындарға жаһандық депозитарлық қолхат (ЖДҚ) бойынша опциондар ұсынылған болатын, оның орындалу бағасы ұсынылған сәттегі ЖДҚ нарықтық құнына тең. Опциондардың орындалуы қызметті іске асыру шарттарына тәуелді және жыл сайын ұсынылған опционның 1/3 бөлігіне үш жыл бойы иелік етуге құқық беріледі, ондай құқық берілген уақыттан бастап бес жылдың ішінде орындалуы мүмкін.

2-опциондық бағдарламаның жоспарына сәйкес («2 ОПС»), акция опциондары маңызды персоналды, яғни жоғарғы деңгейдегі басшылар мен Компания директорлар Кеңесінің мүшелерін ынталандыруға арналған, олардың құрамына тәуелсіз директорлар кірмейді. Оның орындалу бағасы ұсынылған сәттегі ЖДҚ нарықтық құнына тең. Аталған опциондардың орындалуы қызметті атқару шарты бойынша жетістікке жетуге тәуелді емес. Опциондар 1 шілде 2007 жылғы жағдай бойынша ұсынылған және осы уақыттан кейін үшінші жылдағы құқық беріледі және құқық берілген уақыттан бастап бес жыл ішіндегі мерзімде орындалуы тиіс.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

Жыл ішіндегі өзгеріс

Келесі кестеде ЖДҚ (No.) саны мен орташа орындалу бағасы әрбір ЖДҚ (WAEP)-ға АҚШ долларымен және жыл ішіндегі акция опционының өзгерісі көрсетілген:

	2014		2013	
	No.	WAEP	No.	WAEP
1 қаңтарға айналым	1.354.307	19,61	1.677.948	19,47
Жыл ішінде орындалды	(19.954)	14,16	(8.867)	13,00
Жыл ішінде қызмет ету мерзімі өткен	(197.830)	20,51	(314.774)	19,01
31 желтоқсанға айналым	1.136.523	19,54	1.354.307	19,61
31 желтоқсанға орындалуы мүмкін	1.136.523	19,54	1.346.462	19,59

31 желтоқсан 2014 жылға акция бойынша опционның қалған орташа келісімшарттық мерзімі 2,87 жылды құрайды (2013 жылы: 3,76 жыл). 31 желтоқсан 2014 жылға опциондар айналымы бойынша орындалу бағасының диапазоны 13,00 АҚШ долларын – әр ЖДҚ-ға 26,47 АҚШ долларын (2013 жылы: 13,00 АҚШ долларын – ЖДҚ-ға 26,47 АҚШ долларын) құрады. 1 ОПС пен 2 ОПС берілген уақытында үлестік құралдар негізінде әділетті құны бойынша бағаланатын жоспарлар болып табылады.

11.3. Ақпаратты жариялау туралы Қазақстан Қор Биржасының талаптары

11 қазан 2010 жылы Қазақстан Қор Биржасы жаңа листингтік талаптарды бекітті, соған сәйкес Компания капиталдың жалпы құнының сомасын, басқа материалдық емес активтерді шегере отырып (6-Ескерту), жыл соңындағы айналымдағы акциялардың жалпы санына бөлу арқылы жариялап отыруға тиіс. 31 желтоқсан 2014 жылға аталған көрсеткіш әрбір акцияға шаққанда 19.598 теңге (31 желтоқсан 2013 жылға: 20.102 теңге).

12. Акцияға шаққандағы пайда

	2014	2013
Айналымдағы барлық акциялардың орташа саны	68.160.405	68.158.471
Жылдық пайда	47.038	141.829
Акцияға шаққандағы базалық және молайту пайдасы	0,69	2,08

Жоғарыда келтірілген жариялау қарапайым, сондай-ақ артықшылығы бар акцияларға да қатысты, себебі артықшылығы бар акциялардың иелері, қарапайым акциялардың иелері сияқты акцияға шаққандағы табысты бөлуге қатысуға тең құқылы, соның нәтижесінде қос санаттағы акциялар иелерінің әр акция бойынша табысы тең болады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

13. Резервтер

	Экологиялық міндеттеме	Салықтар	Активтерді есептен шығару бойынша міндеттеме	Басқалары	Жиынтығы
1 қаңтар 2013 жылға	17.304	12.945	15.119	8.878	54.246
Қосымша резервтер	–	9.937	791	–	10.728
Пайдаланылмаған соманы сторнолау	–	(2.215)	–	(2.445)	(4.660)
Дисконт амортизациясы	1.372	–	1.199	–	2.571
Бағалаудағы өзгеріс	(260)	–	(63)	–	(323)
Жыл ішінде пайдаланылған	(896)	(6.042)	(851)	(503)	(8.292)
31 желтоқсан 2013 жылға	17.520	14.625	16.195	5.930	54.270
Ағымдағы бөлігі	3.703	14.625	1.035	704	20.067
Ұзақ мерзімді бөлігі	13.817	–	15.160	5.226	34.203
Қосымша резервтер	–	1.481	422	2.928	4.831
Пайдаланылмаған соманы сторнолау	–	–	(64)	–	(64)
Дисконт амортизациясы	1.097	–	1.268	–	2.365
Бағалаудағы өзгеріс	1.110	–	(284)	–	826
Жыл ішінде пайдаланылған	(2.277)	(15.174)	(924)	(637)	(19.012)
31 желтоқсан 2014 жылға	17.450	932	16.613	8.221	43.216
Ағымдағы бөлігі	5.912	932	502	941	8.287
Ұзақ мерзімді бөлігі	11.538	–	16.111	7.280	34.929

31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша сомасы 12.136 миллион теңге салықтық резерв, Кассациялық коллегияның талаптарына сәйкес, бағаланған салыққа толықтай алдын төлем жасалғанын көрсету үшін, табыс

салығы бойынша алдын ала жасалған төлем ретінде өзара есепке алынған болатын, бұл Жоғарғы Сотқа апелляциялық шағым жасауға құқық береді (Ескертулер 20, 24).

14. Кірістер

	2014	2013
Экспорт:		
Шикі мұнай	706.940	712.343
Өңделген газ өнімдері	2.586	2.628
Ішкі нарық (24-Ескерту):		
Шикі мұнай	109.169	76.049
Өңделген газ өнімдері	10.993	10.315
Өңделген өнімдер	2.863	3.514
Басқа сатылымдар мен қызметтер	13.219	11.863
	845.770	816.712

15. Өндірістік шығындар

	2014	2013
Қызметкерлердің сыйақысы	130.367	92.318
Жөндеу мен қызмет көрсету	26.781	22.619
Материалдар мен қорлар	20.050	16.920
Электр энергиясы	16.706	15.908
Көлік шығындары	5.875	5.633
Мұнай қалдығының өзгерісі	1.373	727
Өңдеу бойынша шығындар	1.205	1.099
Экологиялық міндеттемелерді бағалаудағы өзгеріс (13-Ескерту)	1.110	–
Басқалары	8.433	6.811
	211.900	162.035

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

16. Сату, жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша шығандар

	2014	2013
Көлік шығындары	68.687	61.810
Қызметкерлердің сыйақысы	16.758	12.986
Сату бойынша басқарушылық гонорар және комиссиялар	4.451	3.750
Айыппұлдар мен өсімпұлдар	3.592	5.191
Консультативтік және аудиторлық қызметтер	2.188	1.354
Жөндеу мен қызмет көрсету	1.023	1.093
Демеушілік	933	1.681
Басқалары	4.936	4.495
	102.568	92.360

17. Табыс салығынан басқа салықтар

	2014	2013
Ренталық салық	151.861	165.307
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	89.840	84.433
Экспорттық кедендік баж салығы	74.227	48.981
Мүлік салығы	6.204	5.473
Экологиялық төлем	1.312	4.893
Басқа салықтар	4.767	2.601
	328.211	311.688

18. Негізгі құралдардың құнсыздануы

	2014	2013
Құнсыздану (4-Ескерту)	255.375	56.275
Әлеуметтік нысандардың құнсыздануы	942	2.285
Басқалары	366	1.539
	256.683	60.099

19. Қаржылық табыстар/(шығындар)

19.1. Қаржылық табыс

	2014	2013
Банк салымдары бойынша пайыздық табыс	13.499	10.489
Бірлесе бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық берешектері бойынша пайыздық табыс	7.108	5.163
ҚМГ ҰК қаржылық құралдары бойынша пайыздық табыс (21-Ескерту)	–	4.557
Өтелгенге дейін ұсталатын қаржылық активтер бойынша пайыздық табыс	–	330
Басқалары	155	38
	20.762	20.577

19.2. Қаржылық шығындар

	2014	2013
Сыйақылар бойынша шығындар	6.662	5.261
Қоршаған ортаны қалпына келтіру міндеттемелері бойынша дисконттың амортизациясы	1.097	1.372
Есептен шығарылатын активтердің міндеттемелері бойынша дисконттың амортизациясы	1.083	1.199
Басқалары	110	253
	8.952	8.085

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

20. Табыс салығы

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы табыс салығы бойынша шығындар төменде көрсетілген:

	2014	2013
Корпоративтік табыс салығы	52.727	51.695
Артық пайда салығы	11.831	8.343
Ағымдағы табыс салығы	64.558	60.038
Корпоративтік табыс салығы	(49.152)	(6.494)
Артық пайда салығы	(871)	4.987
Кейінге қалдырылған табыс салығы	(50.023)	(1.507)
Табыс салығы бойынша шығындар	14.535	58.531

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасы мен Қазақстандағы табыс салығының тиімді ставкалары көрсетілген.

	2014	2013
Салық салынғанға дейінгі пайда	61.573	200.360
Табыс салығы	14.535	58.531
Салықтың тиімді ставкасы	24%	29%
Заңнамамен белгіленген табыс салығының ставкасы	20%	20%
Нәтижесінде өсуі / (көмуі):		
Төлем көздерінен ұсталатын салық	2%	1%
Артық пайда салығы	5%	7%
Алдағы жылдардың корпоративтік табыс салығы	15%	–
Компаниямен қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлестер	(20%)	(5%)
Салық салынбайтын табыс	(1%)	(1%)
Салықтар бойынша резерв	–	1%
Экологиялық және активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелер	(11%)	–
Шегерілмейтін шығындар	14%	6%
Салықтың тиімді ставкасы	24%	29%

2013 жылы СТС ішіндегі ағымдағы салықтар жылғы АПС «Ембімұнайгаз» АҚ-ның артық пайдасына салынған ағымдағы салықтан және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның кейінге қалдырылған салығын есептен шығарудан құралды. Шегерілуге жатпайтын шығындарға өнімсіз ұңғымалар бойынша есептен шығарылған шығындар мен қоршаған ортаның эмиссиясына төленген шығындар және тиісті айыппұлдар мен өсімпұлдар кірмейді.

2014 жыл бойы Компания КТС пен АПС- ті қайта бағалады және 2009-2012 жылдар бойынша салық декларацияларын қосымша ұсынды.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

КТС пен АПС-ке қатысты кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің өзгерісі төменде көрсетілген:

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер:

	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	Резервтер	Салықтар	Басқалары	Жиынтығы
1 қаңтар 2013 жылға	11.382	2.162	13.971	4.453	31.968
Пайда мен зиян құрамында танылды	3.503	(1.234)	(348)	467	2.388
31 желтоқсан 2013 жылға	14.885	928	13.623	4.920	34.356
Пайда мен зиян құрамында танылды	48.171	7.337	(5.754)	(43)	49.711
31 желтоқсан 2014 жылға	63.056	8.265	7.869	4.877	84.067

Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер:

	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	Резервтер	Салықтар	Басқалары	Жиынтығы
1 қаңтар 2013 жылға	-	-	-	-	-
Пайда мен зиян құрамында танылды	(943)	68	1	(7)	(881)
31 желтоқсан 2013 жылға	(943)	68	1	(7)	(881)
Пайда мен зиян құрамында танылды	305	1	1	5	312
31 желтоқсан 2014 жылға	(638)	69	2	(2)	(569)

Компания ағымдағы салықтық активтері мен ағымдағы салықтық міндеттемелерін есепке алу құқықтары бекітілген жағдайда ғана салықтық активтер мен салықтық міндеттемелерді есепке алу шарасын жүргізеді, ал кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер пайдаға салынатын салыққа жатқызылады және оны бір ғана салық органы төлеттіреді.

21. Байланысқан тараптардың мәмілелері, 3-бөлім

«Ортақ бақылаудағы ұйым» деп аталатын категорияға Бас компания бақылауға алатын ұйымдар кіреді. «Мемлекеттік

бақылаудағы басқа ұйымдар» категориясына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылауға алатын ұйымдар кіреді. 2014 жылдан бастап «БТА Банк», «Қазкоммерцбанк» және «Альянс Банк» Компаниямен байланысты тараптарға жатпайды, себебі оларды енді «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақыламайды, яғни «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ аталған банктерге елеулі деңгейде ықпал ете алмайды.

31 желтоқсан 2014 жылы аяқталған жылдың он екі айы ішінде және 2013 жылы байланысқан тараптардың сату мен сатып алу және 31 желтоқсан 2014 жылға және 2013 жылға қатысты байланысқан тараптар бойынша қалдықтар, келесі кестеде көрсетілген:

	2014	2013
Тауарлар мен қызметтерді сату (14-Ескерту)		
Ортақ бақылаудағы ұйымдар	849.240	796.817
Мемлекеттік бақылаудағы басқа ұйымдар	45	26
Бас Компания	155	-
Бірлескен кәсіпорындар	6.023	2.866
Тауарлар мен қызметтерді сату (15 және 16-Ескертулер)		
Ортақ бақылаудағы ұйымдар	39.882	33.120
Мемлекеттік бақылаудағы басқа ұйымдар	18.069	18.032
Бас Компания	4.451	3.750

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

21. Байланысқан тараптармен келісімдер (жалғасы)

	2014	2013
Қаржылық активтер бойынша есептелген пайыздар		
Қаржылық құрал бойынша есептелген пайыздар	–	4.557
ҚМГ ҰК қарыздық құралдарына салынған инвестициялар бойынша тиімді пайыздық ставка – АҚШ долларына индексацияланған/теңге	–	7,00%
Бірлескен кәсіпорындардың займдары бойынша сыйақыдан түскен табыс	403	183
Бірлескен кәсіпорындардың займдары бойынша орташа пайыздық ставка	1,11%	0,76%
Берілген займдардың әділетті құнын қайта бағалау бойынша зиян		
Бірлескен кәсіпорындар	1.185	4.814
Еңбекақы мен басқа да қысқа мерзімді төлемдер		
Директорлар Кеңесінің мүшелері	157	109
Басқарма мүшелері	337	247
Үлестік құралдар негізіндегі төлемдер		
Басқарма мүшелері	–	2
	31 желтоқсан 2014 жыл	31 желтоқсан 2013 жыл
Саудалық және басқа дебиторлық берешектер (7 және 8-Ескерту)		
Ортақ бақылаудағы ұйымдар	58.305	155.473
Бірлескен кәсіпорындар	52.677	40.175
Мемлекеттік бақылаудағы басқа ұйымдар	2.274	1.248
Саудалық кредиторлық берешектер		
Ортақ бақылаудағы ұйымдар	1.907	1.734
Мемлекеттік бақылаудағы басқа ұйымдар	454	482

Сатылымдар және дебиторлық берешектер

Байланысты тараптардың сатылымы дегеніміз негізінен ҚМГ ҰК кәсіпорындар тобының шикі мұнай мен мұнай өнімдерін экспортқа және ішкі нарыққа сатуы болып табылады. 2014 жылы байланысты тараптардың шикі мұнайды экспорттау көлемі 5.571.211 тоннаны (2013 жылы: 6.017.228 тоннаны) құрады. Шикі мұнайдың сату бағасын Platt's бағамын фрахтауға, трейдер маржасына және сапаға жасалатын жеңілдіктің айырмасына қатысты түзетулер енгізе отырып анықтайды. Осындай жолмен экспортқа сатылған бір тонна мұнайдың орташа бағасы 2014 жылы шамамен 130.608 теңге (2013 жылы: 121.340 теңге).

Сонымен қатар, Компания мұнай-газ өнімдерін Бас компанияны бақылаушы соңғы акционер болып саналатын Қазақстан Үкіметінің қаулысына сәйкес, Бас компанияның еншілес ұйымы болып табылатын «ҚазМұнайгаз – өңдеу және маркетинг» АҚ-ы арқылы ішкі нарыққа жеткізеді. Осындай жолмен 2014 жылы ішкі нарыққа өндірілген шикі мұнайдың 1.912.000 тоннасы (2013 жылы: 1.900.000 тоннасы) жеткізілді. Ішкі нарықтағы сату бағасы Бас компаниямен келісе отырып анықталады. 2014 жылы ішкі нарыққа жеткізілген бір тонна мұнайдың орташа бағасы шамамен 48.000 теңге (2013 жылы: 40.000 теңге). Байланысты тараптардың саудалық және басқа да дебиторлық берешектері, негізінен экспортқа сату операцияларына қатысты туындайды.

Ортақ бақылаудағы ұйымдар сатылымына, сонымен қатар Ресей Федерациясына «ҚазМұнайгаз – өңдеу және маркетинг» АҚ-ның делдалдық етуімен жеткізілген 447 мың тонна (2013: 0) шикі мұнайдан келіп түскен табыс та қосылады (24-Ескерту). Аталған жеткізілімдер бойынша шикі мұнайдың орташа бағасы Platts бағамын Brent пен Urals бағамдары арасындағы спредке түзету енгізе отырып, Ресей Федерациясының экспорттық кедендік баж салығының, трейдер маржасының, Ресей-Беларусь және Қазақстан-Ресей шекарасына жеткізу бойынша тасымалдау шығындарының сомасын шегере отырып анықтайды. Қарама-қарсы жеткізу бойынша бір тонна шикі мұнайды сатудың орташа бағасы 2014 жылы шамамен 38.871 теңге (2013: 0).

Сатып алу және кредиторлық берешектер

2014 жылы Бас компанияның басқару қызметтеріне жұмсалған комиссиясы 4.451 миллион теңге (2013 жылы: 3.750 миллион теңге). 6.033.932 тонна шикі мұнайды тасымалдау (2013 жылы: 6.061.163 тонна) және 2014 жылы Каспий құбыры консорциумының жинақтау пунктіне 1.991.256 тонна шикі мұнайды (2013: 1.956.043 тонна) жеткізу мақсатында Бас компанияның еншілес ұйымынан 32.472 миллион теңге (2013 жылы: 26.485 миллион теңге) көлемінде қызмет сатып алынды. Қалған қызмет түрлері, оның ішіне негізінен күзет және қайта өңдеу төлемдері кіреді, ҚМГ ҰК-ның еншілес ұйымдарынан сатып алынды.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

Үлестік құралдар негізінде Басқарма мүшелеріне төлемдер

Басқарма мүшелеріне үлестік құралдар негізінде төленетін төлемдер, ондай құқыққа ие болған мерзім ішінде үлестік құралдар негізінде төленетін амортизациялық төлем болып саналады. 2014 жылы Компания опциондар ұсынған жоқ (2013 жылы: опциондар болған жоқ).

22. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаты мен саясаты

Компанияда кредиторлық берешектер сияқты әр түрлі қаржылық міндеттемелері бар. Сонымен қатар, Компанияның саудалық дебиторлық берешектері, қысқа және ұзақ мерзімді депозиттері мен ақшалай қаражаты және олардың эквиваленттері түрінде өзге де қаржылық активтері бар.

Компания пайыздық ставканың өзгеру тәуекелі, валюталық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі және шикізат тауарлары бағасының өзгеру тәуекелдеріне тәуелді. Компанияның Қаржылық Комитеті басшылыққа мониторингтік қадағалау жүргізуге көмек көрсетеді және Компанияның бекітілген ақша қаражатын басқару саясатына сәйкес, қажет болған кезде тәуекелдерді мейлінше азайтуға ат салысады.

Пайыздық ставканың өзгеру тәуекелі

31 желтоқсан 2014 жылға Компанияның айнымалы пайыздық ставка бойынша займдары жоқ және пайыздық ставкалардың өзгерісі бойынша қауіп қатерге ұшырамайды.

Келесі кестеде, барлық басқа да параметрлер өзгермеген жағдайдағы Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасының АҚШ доллары бағамының өзгеру мүмкіндігіне қарай сезімталдығына сараптама жасалған (ақшалай активтер мен міндеттемелер бойынша әділетті құнның өзгеру саладыран):

	АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамының өсуі/ кемюі	Салық салынғанға дейінгі пайдаға ықпалы
2014		
АҚШ доллары	+ 25,00%	150.804
АҚШ доллары	- 5,00%	(30.161)
2013		
АҚШ доллары	+ 20,00%	149.879
АҚШ доллары	- 20,00%	(149.879)

Кредиттік тәуекел

Саудалық дебиторлық берешектерге байланысты Компания кредиттік тәуекел қаупіне ұшырауы мүмкін. Компания сатылымдарының басым бөлігін Бас компаниямен аффилиерленген кәсіпорындар арқылы іске асыратындықтан, дебиторлық берешектер бойынша елеулі түрде тәуекелдер жинақталуы мүмкін (7, 21-Ескертулер). Қосымша дебиторлық берешектердің аздаған бөлігі бір тектес топтар бойынша таратылған және ортақ негізде құнсыздандыру бойынша тұрақты түрде бағаланып отырады, нәтижесінде Компанияның сенімсіз берешектер бойынша тәуекел деңгейі өте төмен.

Компанияның инвестициялық қызметін іске асыру барысында да кредиттік тәуекелге ұшырау қаупі сақталады. Компания салымдарының негізгі бөлігін Қазақстан мен шетелдік банктерде орналастырған.

Қаржылық ұйымдар шоттарындағы қалдықтармен байланысты кредиттік тәуекелді, Компанияның ақша қаражатын басқару саясатына сәйкес, Компания Директорлар Кеңесі бекіткен тәртіп бойынша Компанияның Қазынашылық департаменті бақылайды. Қаржылық ұйымдардың дефолтқа тап болуынан туындайтын Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырауының ең жоғарғы сезімталдық мөлшері, қаржылық активтерінің баланстық құнына тең.

Шоғырландырылған қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

22. Қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты және мақсаты (жалғасы)

Келесі кестеде ҚМГ ҰК-ның банктердегі қаржылық активтері мен қарыздық құралдарының қалдығы есепті кезеңге сәйкес, басқаша көрсетілмесе,

«StandardandPoor's» айқындаған кредиттік рейтингтерді пайдалана отырып көрсетілген:

Банктер	Мекенжайы	Рейтингі			
		2014	2013	2014	2013
Халық банкі	Қазақстан	BB+ (тұрақты)	BB (тұрақты)	134.632	137.173
Дойче Банк	Ұлыбритания	A (жағымсыз)	A (тұрақты)	110.518	72.686
BNP Paribas	Ұлыбритания	A+ (жағымсыз)	A+ (жағымсыз)	88.756	74.359
Қазкоммерцбанк	Қазақстан	B (тұрақты)	B (тұрақты)	83.245	78.826
Сити Банк Н.А.	Ұлыбританиядағы Филиал	A (тұрақты)	A (тұрақты)	81.378	25.403
ING Bank	Нидерланды	A (жағымсыз)	A- (тұрақты)	61.177	51.619
Еуразиялық банкі	Қазақстан	B+ (жағымды)	B+ (жағымды)	47.623	27.327
Цесна банкі	Қазақстан	B+ (тұрақты)	B (жағымды)	36.578	–
HSBC Plc	Ұлыбритания	AA- (жағымсыз)	AA- (жағымсыз)	33.186	27.868
Сбербанк	Қазақстан	Ba2 (жағымсыз)	BBB- (тұрақты)	19.603	11.847
АТФ Банкі (Fitch)	Қазақстан	B- (тұрақты)	B- (тұрақты)	12.309	36.128
Сити Банк Қазақстан	Қазақстан	Қол жетімсіз	Қол жетімсіз	12.104	44.087
Credit Suisse	Швейцария	A (жағымсыз)	A (тұрақты)	11.439	8.206
RBS NV	Ұлыбритания	Baa 2 (жағымсыз)	A- (жағымсыз)	1.571	–
ЦентрКредит Банкі	Қазақстан	B2 (тұрақты)	B2 (тұрақты)	79	6.300
Альянс Банк (Moody's)	Қазақстан	Saa 2	CCC (жағымсыз)	2	212
HSBC Қазақстан	Қазақстан	Қол жетімсіз	Қол жетімсіз	–	15.285
RBS Қазақстан	Қазақстан	Қол жетімсіз	Қол жетімсіз	–	4.821
Нұрбанк	Қазақстан	B (тұрақты)	BB+ (тұрақты)	–	530
Басқалары				125	76
				734.325	622.753

¹ Ақпарат көзі: тиісті жылдағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктер мен рейтингтік агенттіктердің ресми сайттары

Өтімділік тәуекелі

Компания өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, өтімділік тәуекелін бақылауға алады. Аталған құралдың көмегімен қаржылық инвестициялар, қаржылық активтер төлемдерінің мерзіміне (мысалы, дебиторлық берешектер және басқа да қаржылық активтер), сондай-ақ, операциялық қызметтен түсетін болжамды ақша ағындарына сараптама жасалады.

Компанияның мақсаты жергілікті банктердегі қысқа және ұзақ мерзімді салымдарды пайдалана отырып, үздіксіз қаржыландыру мен икемділіктің балансына қолдау көрсету болып табылады.

Келесі кестеде Компанияның 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша, дисконтталмаған төлемдер келісімшарттарының негізінде Компанияның қаржылық міндеттемелерінің өтелу мерзімі бойынша ақпарат ұсынылған:

2013/ 31/12		Сұрап алынғанға дейін	3 айдан кем	3-12 ай	1-5 жыл	5 жылдан көп	Жиынтығы
аяқталған жыл б/ша							
Займдар	–		276	2.228	4.723	1.023	8.250
Саудалық және басқа кредиторлық берешектер	68.489		–	–	–	–	68.489
	68.489		276	2.228	4.723	1.023	76.739
2014/31/12		Сұрап алынғанға дейін	3 айдан кем	3-12 ай	1-5 жыл	5 жылдан көп	Жиынтығы
аяқталған жыл б/ша							
Займдар	–		361	2.944	4.752	778	8.835
Саудалық және басқа кредиторлық берешектер	59.513		–	–	–	–	59.513
	59.513		361	2.944	4.752	778	68.348

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

Шикізат тауарлары бағасының өзгеру тәуекелі

Компания халықаралық нарықтарда АҚШ долларымен бағаланатын шикі мұнай бағасының өзгеруіне тәуелді. Компания жылдық бюджеттері мен мерзімдік болжамдарын жасайды, оған алдағы уақыттағы шикі мұнай бағасының әртүрлі деңгейіне қатысты сезімталдығына жасалған сараптама да кіреді.

Капиталды басқару

Капитал құрамына Компанияның барлық меншікті капиталы кіреді. Компанияның капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты, акционерлер табысын мейлінше көбейту, Компания қызметін атқару үшін капиталдың қалыпты қолжетімді деңгейі мен тұрақты түрде кредиттелу қабілеттілін қамтамасыз ету.

31 желтоқсан 2014 жылға Компанияның қаржылық жағдайы тұрақты және капиталдың консервативтік құрылымы сақталған. Алдағы уақытта да Компания капитал құрамын сақтап қалуды көздейді, бұл икемділікпен қатар, олардың пайда болуына байланысты даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Компания капитал құрылымын басқарады және экономикалық жағдайдың өзгеруіне қарай оны да өзгертіп отырады. Капиталды сақтап қалу мен құрылымын өзгерту мақсатында Компания дивидендтер төлеу мөлшерін реттей алады, капиталды акционерлерге қайтарады және жаңа акцияларды айналымға шығарады. 31 желтоқсан 2014 жыл мен 2013 жылы аяқталған жылдардың ішінде капиталды басқару үрдістеріне, саясатына және мақсаттарына ешқандай өзгеріс енгізілген жоқ.

23. Қаржылық құралдар

Қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешектер, саудалық кредиторлық берешектер мен белгіленген пайыздық ставка бойынша тартылған қаржы сияқты қаржылық құралдардың өділетті құны шамамен олардың баланстық құнына тең.

24. Келісімшарттық және шартты міндеттемелер

Саяси және экономикалық жағдай

Қазақстанда нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және өкімшілік инфрақұрылымдардың дамуы жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы аталған реформаларға, сонымен қатар, Үкіметтің экономика, қаржы және ақша-кредит саласында қабылдаған шараларының тиімділігіне тікелей тәуелді.

2014 жылы орын алған жағымсыз жағдайлар, оның ішінде шикі мұнай бағасының күрт арзандауы мен Ресей рублінің едәуір мөлшерде девальвацияға ұшырауы, кейбір елдердің Ресейге қарсы санкциялар қолдануы Қазақстан

экономикасына да кері әсер етті. Аталған факторлар капиталға қолжетімділікті азайтты, капитал құнын арттырды, инфляция деңгейін өсіріп, салыстырмалы түрде экономиканың дамуына қатысты белгісіздіктер туғызды, бұл клешекте Компанияның экономикалық дамуына, операцияларының нәтижелеріне және қаржылық жағдайына жағымсыз ықпал етуі мүмкін. Компания басшылығы ағымдағы жағдайға қатысты экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қолдандық деп есептейді.

Ресей Федерациясына жеткізу бойынша міндеттемелер

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында жасалған үкіметаралық келісімге сәйкес, Қазақстан Ресей Федерациясына қарама қарсы шикі мұнай жеткізуді іске асырады. «Қазмұнайгаз – өңдеу және маркетинг» АҚ «байланысты тарап» ретінде оператор, ал Компания үкіметтің квотасын бөлетін жеткізушілердің бірі ретінде анықталған. Аталған үкіметаралық келісімнің негізінде 2014 жылы қыркүйек айында Компания Ресей Федерациясына шикі мұнай жеткізу туралы «Қазмұнайгаз – өңдеу және маркетинг» АҚ-мен келісімшарт жасасты (21-Ескерту). Алдын ала келісілмеген жеткізу көлемінсіз келісімшарт 31 желтоқсан 2014 жылға дейін өрекет етті. Аталған келісімшарт бойынша Компания 447 мың тонна шикі мұнай жеткізді. 2015 жылға келісімшарт жасалған жоқ. Аталған жеткізілімдер Компанияның ішкі нарыққа қосымша мұнай жеткізу міндеттемелері болып табылады.

Ішкі нарыққа жеткізу бойынша міндеттемелер

Қазақстан үкіметі мұнай өндіруші компанияларды өндірілген шикі мұнайдың бір бөлігін ішкі нарыққа жеткізуге міндеттейді. Осындай жағдайға байланысты жеткізілетін шикі мұнайдың бағасы Бас компаниямен келісілетіндіктен, ол әлемдік бағадан едәуір төмен болуы, тіпті өнімнің өзіндік құны деңгейінде бекітілуі мүмкін (21-Ескерту). Егер, Үкімет Компанияның осы уақытта жеткізген көлемінен артық мөлшерде қосымша шикі мұнай жеткізуді міндеттейтін болса, ондай жеткізілімдер нарықтық бағамен жеткізілетін өнімге қарағанда басымдылыққа ие болады да, табыстың азаюына және Компания қызметінің нәтижесіне, қаржылық жағдайы мен болашағына кері әсер етеді.

Ағымдағы жылы Компания міндеттемелеріне сәйкес 2.014.377 тонна (2013 жылы: 1.993.861 тонна) мұнай жеткізді. 2014 жылы ішкі нарыққа мұнай жеткізудегі бірлескен Қазгермұнай кәсіпорынындағы Компанияның үлесі 971.250 тонна мұнай (2013 жылы: жеткізілген жоқ). 2014 жылы ішкі нарыққа мұнай жеткізудегі қауымдасқан ПетроҚазақстан компаниясындағы Компанияның үлесі 946.081 тонна мұнай (2013 жылы: 946.081 тонна).

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

24. Келісімшарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

Салық салу

Қазақстанның салық жүйесіне тән тұрлаусыздықтарға байланысты, әлеуетті салық сомасы, айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша санкциялар, егер ондайлар орын алатын болса, 2014 жылдың 31 желтоқсанына есептелген және осы уақытқа сәйкес жатқызылған шығындар сомасынан асып түсуі мүмкін.

Компания басшылығы оның салық заңнамасына түсінік беру орынды және Компанияның салықтық қағидаларға қатысты нақты ойларының болуына негіз бар деп есептейді.

2014 жылы ақпан айында 2006-2008 жылдарға жүргізілген тақырыптық салықтық тексерулердің нәтижесі туралы ең соңғы хабарламаны Қаржы министрлігінің Салық Комитеті 2014 жылы наурыз айында берген болатын. Салық бойынша резервтердің жалпы сомасы 12.136 миллион теңгені құрады, оған 4.568 миллион теңге салық, 4.645 миллион теңге өкімшілік айыппұлдары мен сомасы 2.923 миллион теңге өсімпұлдар қосылған.

Кассациялық коллегияның талаптары бойынша, Компания Жоғарғы Сотқа шағымдану құқығына ие болу үшін 2015 жылдың шілде айына дейін 12.136 миллион теңгені төлеуге тиіс. Компания Жоғарғы Сотқа апелляциялық шағым беруді жоспарлағандықтан, аталған соманы 2014 жылдың қазан айында төледі.

2014 жылы қыркүйек айында 2009-2012 жылдарға кешенді салықтық тексерулер жүргізу басталды. 26 желтоқсан 2014 жылы және 30 желтоқсан 2014 жылы Компания жоғарыда аталған мерзімге қатысты Өзенмұнайгаз бен Ембімұнайгаз өндірістік филиалдарының жергілікті салықтарды төлеу туралы хабарламасын алды.

Салық органдары 496 миллион теңге түріндегі әртүрлі жергілікті салықтарды және 437 миллион теңге ауқымындағы өкімшілік айыппұлдар мен өсімпұлдарды төлеуді талап етті. 2014 жылдың 31 желтоқсанына шаққанда Компания салық органдарынан ең соңғы хабарламаны алған жоқ.

Пайдалы қазбалар өндіру салығы

2 шілде 2013 жылы Астана қаласы Есіл ауданының Салық Комитеті Компанияға пайдалы қазбаларды өндіру салығының (ПҚӨС) есебі бойынша сомасы 8.785 миллион теңге айырмашылық бар деген хабарлама жіберді, ол Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігінің 2009-2012 жылдардағы кезең бойынша ұсынған деректерінің негізінде анықталған. Айырмашылықтың пайда болу себебі 2012 жылғы ПҚӨС салығы есебінде пайдалы қазбаның келісімшарттарына Компания иелік еткен кезеңнің көрсеткіштері негізге алған (яғни, Компания келісімшарттық аймақтағы өз қызметін өндірістік филиалдардың негізінде іске асырған кезең), ал

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігі ұсынған ақпаратқа, Компания мен оның еншілес ұйымдары «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ өндірген өнімді қосып жіберген.

Салық органдарының мәліметтеріне сәйкес, 2012 жылы пайдалы қазбаларға иелік ету құқығы басқаға берілгеніне қарамастан, Компания 2012 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ өндірген өнімді ПҚӨС ставкасының есептеріне қосуға тиісті. Алайда, Компания Қазақстан Республикасының салық заңнамасында қарастырылған нормаларға сәйкес, ПҚӨС бойынша төлем жасау міндеттемелеріне жер қойнауына Компанияның өзі иелік еткен кезең ғана қосылуға тиіс деп есептейді.

Компания жоғарыда көрсетілген хабарламамен келіспейтінін білдірді және өз ойларын жазбаша түрде ұсынды. Салық органдары аталған сұрақ бойынша Компанияға өлі тексеру жүргізген жоқ. Соған қарамастан, егер салық органдары салықтық тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайтын болса, Компания міндетті түрде есептелген салықтың заңсыздығын дәлелдеуге тырысады. Басшылық, аталған сұраққа қатысты дұрыс шешім қабылданатынына сенімді болғандықтан, 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есепке ешқандай өзгерістер енгізген жоқ.

Өтелетін ҚҚС

2012 жылы жаңа еншілес кәсіпорындарды құруға орай, өндірістік филиалдардың базасында Компанияның барлық өндірістік активтері «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның еншілес ұйымдарына сатылған. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес аталған өндірістік активтердің сатылуына ҚҚС есептелген. Компанияны қайта ұйымдастыру аяқталғаннан кейін, салық органдарына төленген ҚҚС «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бухгалтерлік есептерінде өтелетін ҚҚС ретінде көрсетілген. Әртүрлі салық органдарының еншілес кәсіпорындарға жүргізген тексерулерінің нәтижесінде, салық органдары төленген сома өтелуге жатпайды деп шешті.

Компания салық заңнамасын олай интерпретациялаумен келіспей, ҚР Қаржы министрлігінің Салық Комитетіне шағым жолдады. 2014 жылы 27 тамыз күні Компания ҚР Қаржы Министрлігінің Салық Комитетінен соңғы хабарламаны алды, онда төленген ҚҚС өтелуге жатпайды деген шешім өз күшінде қалдырылған.

Компания Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік табыстар Комитетінің соңғы шешімімен келіспей, 2014 жылы қараша айында Маңғыстау және Атырау облыстарындағы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарға жүгінді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның шағымын қарау нәтижесінде Маңғыстау облысының Мамандандырылған

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

ауданаралық экономикалық соты 29 қаңтар 2015 жылы оң шешім қабылдады. Алайда, Атырау облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «Ембімұнагаз» АҚ-ның шағымынан толықтай бас тартты. Бірінші инстанциядағы сот шешімін алғаннан кейін «Ембімұнагаз» АҚ шешім бойынша жоғарғы сот инстанцияларына шағым беруді жоспарлап отыр. Басшылық Компания ҚҚС-ның өтелуіне қатысты бұрмалаушылық болмағанына сенімді және 31 желтоқсан 2014 жылға аталған сома бойынша резерв есептеген жоқ.

«Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның активтерін сату бойынша мәмілелерге байланысты 2014 жылы өтелуге жататын көлемі 46.558 миллион теңге ҚҚС, қысқа мерзімді активтерден алынып, ұзақ мерзімді активтердің құрамына жатқызылды және 18 айға 7,93%-дық ставкамен дисконтталды, бұл бұрынғы салық даулары шешілген орташа мерзім болып саналады.

«Торғай Петролеум» АҚ кешенді салықтық тексеру

2013 жылы қыркүйек-желтоқсан айларында Қаржы министрлігі Салық комитетінің Қызылорда облысындағы салық департаменті («Салық департаменті») «Торғай Петролеум» АҚ-ның 2009-2012 жылдардағы қызметіне кешенді салықтық тексеру жүргізді (ПҚИ-дің 50% бірлескен кәсіпорны). Кешенді тексерудің нәтижесінде Салық департаменті 3.562 миллион теңге көлемінде қосымша КТС есептеді, оған 2.733 миллион теңге баға құрудың трансферттік тиімділігі, 8.793 миллион теңге қосымша артық пайда салығы, 5.275 миллион теңге баға құрудың трансферттік тиімділігі, басқа да қосымша салықтар 117 миллион теңге және уақытында салық төлемегені үшін 5.228 миллион теңге көлеміндегі өсімпұлдар қосылған.

«Торғай Петролеум» АҚ кешенді салықтық тексерудің қорытындысымен келіспей, Қаржы министрлігінің Салық Комитетіне апелляциялық шағым жасады. ПҚИ басшылығы, 8.008 миллион теңге баға құрудың трансферттік тиімділігі мен уақытында салық төлемеуге қатысты 3.568 миллион теңге көлеміндегі тиісті өсімпұлдан басқаларын мойындаудан бас тартты. Осыған орай, ПҚИ 2013 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебіндегі 5.788 миллион теңге көлеміндегі провизияны ғана мойындайды (8.008 миллион теңге баға құрудың трансферттік тиімділігі мен уақытында салық төлемеуге қатысты 3.568 миллион теңге көлеміндегі тиісті өсімпұлдағы Компания үлесі 50%). 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша елеулі өзгерістер орын алған жоқ.

«ПетроҚазақстанҚұмкөлРисорсиз» (ПҚҚР) АҚ кешенді салықтық тексеру

2013 жылдың қыркүйек айында Салық департаменті ПҚҚР-дің (ПҚИ-дің 100% еншілес ұйымы) 2009-2012 жылдардағы қызметіне кешенді салықтық тексеру жүргізді. 2014 жылдың 16 сәуірінде Салық департаменті кешенді салықтық тексерудің нәтижесі мен актісін ұсынды. Кешенді салықтық тексерудің қорытындысы бойынша Салық департаменті көлемі 2.676 миллион теңге КТС, көлемі 4.775 миллион теңге АПС, көлемі 66 миллион теңге басқа да салықтарды қосымша есептеп шығарды, ал пайдалы қазбалар өндіруге салынатын салық көлемін 499 миллион теңгеге азайтты. Бірнеше рет шағым беріліп, қарама-қарсы наразылық білдіргеннен кейін Салық департаменті қосымша есептелген КТС пен АПС-ті және тиісті өсімпұл сомасын алып тастады.

2009-2012 жылдарға қатысты кешенді салықтық тексерудің барысында, Салық департаменті 13 қаңтар 2014 жылы қоршаған ортаға зиянды заттарды шығару бойынша 10.665 миллион теңге және соған сәйкес 8.758 миллион теңге айыппұл мен өсімпұл төлеу туралы хабарламасын ұсынды.

ПҚҚР кешенді салықтық тексерудің қорытындысымен келіспейді және Қаржы министрлігінің Салық комитетіне апелляциялық шағым беруді жоспарлап отыр. ПҚИ басшылығы аталған талап арыз бойынша жағымсыз нәтиженің орын алуын бағалай отырып, өзінің 2013 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебінде 19.423 миллион теңге провизияны қалыптастырды. 2014 жылы қазан айында ПҚҚР қосымша есептелген бастапқы салық сомасын 4.222 миллион теңгеге азайту туралы хабарлама алды, оның ішінде өсімпұл көлемі 1.027 миллион теңге. Соның нәтижесінде 2014 жылы ПҚҚР жалпы және өкімшілік шығындары бойынша 4.222 миллион теңгені және тиісінші сомасы 1.598 миллион теңге айыппұлды сторнолады.

Экологиялық міндеттемелер

Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасы енді дамып келе жатқандықтан, үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзушыларға елеулі көлемде айыппұл салынады. Басшылық 13-Ескертуде көрсетілген сомадан басқа, Компанияның қаржылық жағдайына, пайда мен зиян туралы есебіне немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есебіне елеулі түрде жағымсыз ықпал ететін ықтималды экологиялық міндеттемелер жоқ деп есептейді.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

24. Келісімшарттық және шартты міндеттемелер, (жалғасы)

2012-2013 жылдардағы «Өзенмұнайгаз» АҚ-на экологиялық аудиторлық тексеру

2014 жылы 24 қаңтарда «Өзенмұнайгаз» АҚ Маңғыстау облысының Экологиялық департаментінен, мазутталған топырақты 11шлам жинақтау нысанында орналастырғандықтан экологиялық зиян үшін көлемі 212.625 миллион теңге айыппұл төлеу туралы хабарлама алды. Соңғы жиынтық сома 2012-2103 жылдарды қамти отырып жүргізілген тексерудің қорытындысы бойынша анықталған. Алайда, жоғарыда көрсетілген нысандардағы аталған қалдықтар түзілуінің тарихи сипаты бар. Ал Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасына сәйкес, рұқсат тек қана жаңадан пайда болған және орналастырылған қалдықтарға беріледі. Осыған орай, «Өзенмұнайгаз» АҚ 2014 жылы 24 қаңтарда аталған айыппұлды тоқтату туралы сотқа шағым түсірді және Маңғыстау облысының мамандандырылған өкімшілік сотының 2014 жылғы 21 ақпан күнгі анықтауы бойынша, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның шағымы толықтай қанағаттандырылды. Соттың аталған анықтауы апелляциялық және кассациялық тұрғыдан қайта қарауға жатпайды, бірақ прокуратура органдары наразылық білдіре алады.

Сонымен қатар, аталған дерек бойынша Маңғыстау облысының Экологиялық департаменті 2014 жылы 19 ақпан күні «Өзенмұнайгаз» АҚ-на қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу үшін сомасы 327.880 миллион теңге көлемінде наразылық білдірді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ аталған наразылық бойынша Маңғыстау облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына шағым түсірді және сот 2014 жылғы 6 наурыздағы өз шешімімен тексеру актісінің қорытындыларын заңсыз деп тауып, қоршаған ортаға келтірілген зиянды толықтай тоқтатты. 22 сәуір 2014 жылы Маңғыстау облыстық сот коллегиясы, Маңғыстау облысы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешіміне қарсы берілген Маңғыстау облысы Экологиялық Департаментінің наразылығын қанағаттандырмай тастады.

Маңғыстау облыстық сотының Кассациялық сот коллегиясының 25 маусым 2014 жылғы қаулысы бойынша, Маңғыстау облысы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 6 наурыз 2014 жылғы шешімі және Маңғыстау облысы апелляциялық сот коллегиясының 22 сәуір 2014 жылғы қаулысы өзгеріссіз қалдырылды.

Компания «Өзенмұнайгаз» АҚ тексерістердің қорытындылары мен қоршаған ортаға келтірілген зиянға айыппұл төлеу туралы талаптарға қарсы наразылығын одан өрі сәтті жүргізеді деп санайды және 31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша аталған сұраққа қатысты резервтер есептеуді іске асырған жоқ.

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша ілеспе газды жағу

2014 жылы 23 қаңтар күні Компания Атырау облысы Экологиялық департаментінен, экологиялық заңнаманы бұзып, ілеспе газды жағуына байланысты, экологияға келтірілген зиян үшін көлемі 37.150 миллион теңге айыппұл төлеу туралы хабарлама алды. Аталған жиынтық сома 2008-2013 жылдарды қамти отырып жүргізілген тексерудің қорытындысы бойынша анықталған.

Компания жоғарыда көрсетілген ұйғарыммен келіспей, Атырау облысы Экологиялық департаментінің әрекетіне наразылық білдірді. Соның нәтижесінде, 2014 жылы 3 маусым күні Компания экологиялық зиян мөлшерінің сомасын 1.959 миллион теңгеге дейін азайтуға қол жеткізілді. Аталған сома есепке алынды және 2014 жылы маусым айында төленді.

Мұнай кен орындарының лицензиялары

Компанияға мемлекеттік органдар тарапынан лицензиялар талаптары мен жер қойнауын пайдалану туралы тиісті келісімшарттардың орындалуына қатысты тексерулер үздіксіз жүргізіліп тұрады. Компания басшылығы тексеру барысында анықталған сұрақтарға қатысты қажетті түзету шараларын мемлекеттік органдармен ынтымақтасып, келісе отырып шешеді. Лицензияларда көрсетілген талаптарды орындамау айыппұл мен есімпұл төлеуге, қызметті шектеуге немесе лицензияны қайтарып алуға әкеп соқтыруы мүмкін. Компания басшылығы келісімшарттар немесе лицензиялар шарттарын орындамауға қатысты кез келген сұрақты, келіссөздер немесе түзету шараларын қолдану арқылы шешуге болады және олар Компанияның қаржылық жағдайына, жалпы табыс туралы немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есептеріне елеулі түрде әсер етпейді деп есептейді.

Компанияның негізгі лицензиялары мен олардың мерзімінің аяқталу уақыты келесі кестеде көрсетілген:

Кен орындары	Келісімшарт	Мерзімінің аяқталу уақыты
Өзен (8 кен орыны)	№ 40	2021
Ембі (1 кен орыны)	№ 37	2021
Ембі (1 кен орыны)	№ 61	2017
Ембі (23 кен орыны)	№ 211	2018
Ембі (15 кен орыны)	№ 413	2020

Мұнай кен орындарының лицензиялары бойынша келісімшарттық міндеттемелер

Жыл	Күрделі шығындар	Операциялық шығындар
2015	90.890	6.309
2016	62.847	3.397
2017	52.720	3.317
2018	494	3.317
2019–2024	–	6.633
	206.951	22.973

Стратегиялық есеп	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер (жалғасы)

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

Шикі мұнай жеткізу бойынша міндеттемелер

Үкіметтің нұсқаулықтарына сәйкес Компанияның мұнай және мұнай өнімдерін ішкі нарыққа жеткізу туралы міндеттемелері бар (21-Ескерту).

Қазгермұнайдың келісімшарттық міндеттемелері

31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша Қазгермұнайдың келісімшарттық міндеттемелеріндегі Компанияның үлесі төменде көрсетілген:

Жыл	Күрделі шығындар	Операциялық шығындар
2015	9.100	4.965

UGL-дің келісімшарттық міндеттемелері

31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша UGL-дің келісімшарттық міндеттемелеріндегі Компанияның үлесі төменде көрсетілген:

Жыл	Күрделі шығындар	Операциялық шығындар
2015	12.350	324

KS EP Investments-тің келісімшарттық міндеттемелері

2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай б/ша KS EP Investments-тің келісімшарттық міндеттемелеріндегі Компания үлесі былайша көрсетілген:

Жыл	Күрделі шығындар	Операциялық шығындар
2015	1.056	32
2016	3.386	62
	4.442	94

PKI-дің келісімшарттық міндеттемелері

31 желтоқсан 2014 жылғы жағдай бойынша PKI-дің келісімшарттық міндеттемелеріндегі Компанияның үлесі төменде көрсетілген:

Жыл	Операциялық шығындар
2015	1.562

Осы шоғырландырылған қаржылық есепке 2015 жылдың 24 ақпанындағы жағдай бойынша лауазымдық қызметтерін атқаратын төмендегі тұлғалар Компанияның атынан қол қойды:

Бас директор  А. А. Нұрсейітов

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары  Д.Е. Абдулгафаров

Байланыс жөніндегі ақпарат

Компанияның заңды мекен-жайы:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
Сол жағалау, Қабанбай батыр көшесі, 17 ғимарат,
010000 Астана,
Қазақстан Республикасы,
Телефон: +7 (7172) 975 433
Факс: +7 (7172) 975 445
www.kmger.kz